

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«СЫНЫПТАР БОЙЫНША ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР»**

Әдістемелік ұсыным

Астана, 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2022 жылғы қазан айындағы № 10 хаттама)

«Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар» әдістемелік ұсыным – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 163 б.

Жазба жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты құрастырылған әдістемелік көмекші құралда оқу мақсаттарына негізделген жазба жұмыстарының түрлері, талаптары, сыныптар бойынша үлгілері берілді. Қазақ, ағылшын, орыс тілдері пәндері бойынша берілген жазба жұмыстарының түрлері үлгі үшін жинақталды.

«Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар» әдістемелік ұсынымы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2022

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Ахмет Байтұрсынұлының білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы көзқарасының бүгінгі күнде өте маңызды екеніне тоқтала келіп: «Біріншіден, жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет. Үшіншіден, кез-келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс. Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек. Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты. Әділеттілік – әсіресе, ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет. Алтыншыдан, бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Бәріміз нағыз қазақты дәл осындай кейіпте көргіміз келеді. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз» деп тұжырымдады.

Жалпы білім беретін мектептерде ана тілі мен әдебиетінің оқытылуы және оқушылардың білім сапасын көтеру ізденісі уақыт тұрғысынан тың талаптар жүктеуде. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқушы бойында өз білімін өмірде қолдана білетін қабілет-қарым көздерін ашып, материалды меңгерумен қатар өз бетімен ізденуіне жағдай тудыру – пән мұғалімінің бірден-бір көкейкесті мақсат-мүддесі. Оқушыға өміршең білім көзін меңгертіп, логикалық және сыни ойлау қабілет-қарымы мен функционалдық сауаттылық деңгейін жоғарылату және іскерлік құзыреттерін дамыту межелі міндеттер қатарында. Бұл, өз кезегінде, пән мұғалімінің күрмеуі қиын өзекті мәселелермен бетпе-бет келуіне себепкер болуда. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білімділік, функционалдық, тағылымдық, эстетикалық аспектілері оқушының іскерлік және сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға басымдық береді. Шындығында жазба жұмыстардың жүргізілу тәртібі мен құжатты ресми рәсімдеуді меңгерудің бірыңғай талаптарын қажет етеді. Пән мұғалімдерінің осы бағыттағы ресми нұсқауларға аса зәру екені көптен бері айтылып жүр. Оқушының жазылым дағдыларындағы қиындықтарды, сауатсыздықты жеңу үшін оқушылардың дербес жазба жұмыстарына қойылатын талаптардың реттелуі аса маңызды.

«Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар» әдістемелік ұсынымы мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмекші құрал ретінде дайындалды. Қазіргі үлгілік оқу бағдарламалары бойынша алынған жазба жұмыстарына қойылатын талаптар мен орындау үлгілері берілген.

1. Білім беру ұйымдары білім алушыларының «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен жазба жұмыстарын жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттар

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

Қазақстан Республикасының білім жүйесінде халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін, нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнінен академиялық білім берудің мақсаты – қазақ тілінің әлеуметтік-қоғамдық қызметі (ана тілі-ұлт тілі-мемлекеттік тіл) туралы біртұтас білім бере отырып, тілдің танымдық, құрылымдық, тарихи мәнін, тілді қолданудың нормативті жүйесін игеріп, сөйлеу мәдениеті тәсілдерін меңгерген, ұлттық рухты бойына сіңірген дара тұлға тәрбиелеу.

Қазақ тілін оқытудың басты міндеттері бастауыш сыныптарда қазақ тілінің ана тілі ретіндегі қызметіне, орта сыныптарда қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі қызметіне, жоғары сыныптарда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметіне басымдық бере оқыту.

Қазақ тілінің ана тілі ретіндегі негізгі қызметі – ұлттық сана-сезімді қалыптастыру. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы қойылған базалық құндылықтар: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы арқылы игеріледі. Сондықтан бастауыш сыныпта қазақ тілінің ана тілі ретінде танылуына негіз болатын лингвистикалық білім мазмұны қамтылуы тиіс.

Қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі қызметі – ғасырлар бойғы тәжірибеден жинақталған ұлттық дүниетанымды, ұлттық ақыл-ой жетістіктерін зерттеу, саралау, дамыту. Ұлттық тіл Білім стандартында көрсетілген ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайларда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетуге, сондай-ақ оқу және қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметі жоғары сынып оқушыларына арналған білім мазмұнын қамтуы тиіс. Қоғамның барлық саласында қазақ тілін қолданудың заңдылықтарын, іскерлік, дипломатиялық қарым-қатынас мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игерген оқушы жалпыға міндетті білім стандартында көрсетілген «Қазақстан Республикасының

Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеуді және сақтауды», яғни қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қолдануды өз міндетіне алады, қазақ тілінің мемлекеттік статусын көтеруге өзіндік үлес қосады, мемлекеттік тілді қолдануға ынталы болады.

Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін бастауыш, орта, жоғары сыныптарда оқытқанда тілдің құрылымдық, функционалдық, тарихи жүйесі өзара тұтастықта бірлікте кіріктіріліп оқытылады. Нәтижесінде оқушылар тілдің таңбалық жүйесі, әдеби тілдік нормасы, тарихы және тіл арқылы ұлтты, адамды тану туралы кешенді білім алады. Бұлар оқушының тіл тазалығын, тіл анықтығын, тіл дәлдігін (А.Байтұрсынов) игеріп, сөйлеу мәдениетін, сөз шеберлігін жетілдіруіне айтарлықтай үлес қосады.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады:

1. негізгі орта және жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарлары;
2. төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары.

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады.

Үлгілік оқу жоспарының негізінде – «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы); бұйрығына сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары дайындалады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша *үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты* оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны қазақ тілі арқылы оқушыларға қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдетін дағдыландыруды және қазақ әдебиеті үлгілерін терең меңгертуді мақсат етеді және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі» пәнін оқыту:

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылған. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы білім алушыға қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құратудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік

жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

«Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Ақпаратты талдау, жалпылау, жіктеу, сондай-ақ әртүрлі жанрда және стильдерде мәтіндер жазу, жеке, іскерлік хат жазысу, түйіндеме, мақала, аннотация, тезис құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру тілді оқуды ынталандыруға септігін тигізеді.

Сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

Білім беру ұйымдары басшылыққа алатын негізгі нормативтік құжаттар:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Бұйрықтың 2-тарауына тиісті тармақтарына енгізілген толықтыруларға сәйкес:

9. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

11. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту

мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

21-тармаққа сәйкес тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

Педагог бағалауды нормативтік-құқықтық актілерге және мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушыларға көмектесу үшін әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізуі тиіс:

- «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ -нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

- Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериалды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық;

- Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: оқу-әдістемелік құрал;

- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

«Қазақ тілі» пәнінен оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер:

- оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады, сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталады;

- қысқа мерзімді жоспар құрылу барысында сөйлесім әрекетінің бір-екі түрі басшылыққа алынады, бір сабақта бірнеше сөйлесім әрекетін басшылыққа алу сабақты мақсатына жеткізбейді;

- мұғалім бір сабақ барысында бірнеше оқу мақсаттарының ішінен тақырыпқа қатыстыларын таңдап алуға құқылы;

- үлгілік оқу бағдарламасы білім алушының жас ерекшелігіне сай функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға бағытталған. Мысалы: оқылым әрекеті бойынша «Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану» оқу мақсатын жүзеге асыру үшін 5-сынып оқушылары ауызекі сөйлеу және жазба стильдегі мәтіндердің айырмашылықтарын таныса, одан жоғары сыныптарда әртүрлі стильдегі мәтіндердің тілдік құралдарын анықтайды. Оқу мақсаттарын жүйелі түрде жүзеге асырудың нәтижесінде оқушылардың мәтінді талдау дағдысы қалыптасады;

- грамматика өмірмен байланыстырыла мәтін талдау барысында оқытылады;

- грамматикалық бірліктердің мәтін құруға қатысуда қандай функционалдық қызмет атқаратындығын білім алушы өзі жұмыс жасау барысында анықтап, меңгереді.

Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы білім мазмұны бойынша оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас субъект-субъектілік қарым-қатынасқа құрылады. Мұғалім кеңесші, бағыт беруші, бағыттаушылық қызмет атқарса, оқушы ізденуші, зерттеуші қызметін атқарады. Сол арқылы алған білімі тиянақты болады. Себебі, білім алушы өз қолымен, ізденуімен жасаған жұмысын ұмытпайды, өмірде қолдануға да, басқаға үйретуге де бейім болады. Бұл білім алушыны сыни тұрғыдан ойланып, әрекет етуіне, функционалдық сауаттылығының қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Оқу процесінде білім алушының ынтасын, қызығушылығын арттыруға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасай білу мәдениетін қалыптастырады. Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан білім алушы алдына нақты мақсат қоятын, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, өзгені қызығушылықпен тыңдай алатын жеке тұлға болып қалыптасады.

Жоғарыда көрсетілген жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттілікті меңгертудің алғышарты болып табылады. Себебі, бұл жұмыс түрлерін мұғалім әр сабақта қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыстар білім алушының сөйлеу тілін дұрыс меңгеруіне, қатысым және жазылым қарым-қатынасын қалыптастыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады. Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан білім алушы өз қатарларымен, өзге де жастағы адамдармен қарым-қатынаста белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетін болады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша балаға берілетін тәрбие мәтін арқылы жүзеге асады. Сабақ барысында алынатын мәтіннің мазмұны ұлттық құндылықтарға негізделуі қажет. Әрбір жасаған жұмысының мазмұнынан адам бойына қажетті жақсы қасиеттердің ұшқыны сезіліп тұрса, ол бала бойына жақсы қасиеттерді дарытады.

2. Жазбаша жұмыстарды жүргізудің мақсаттары, міндеттері, нысандары

Жаңартылған білім беру мазмұны еліміздегі орта білім беру жүйесіне үлкен жаңалық болып келді. Жаңа дүниелермен бірге оқыту кезінде әр түрлі жазба жұмыстарын орындату жүйесіне де өзгерістер кірді.

«Білім беру ұйымдары білім алушыларының «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен жазба жұмыстарын жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттар» бөлімінде жалпы жазба жұмыстарына байланысты әзірленген нормативті құжаттар қаралған. Байқағанымыздай жаңартылған білім беру мазмұны кіргеннен бері жазба жұмыстарының жаңа нормативтері жасалмаған.

Келесі «Жазбаша жұмыстарды жүргізудің мақсаттары, міндеттері, нысандары», «Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар» бөлімдері мұғалімге көмек ретінде ұсынылатын талаптар жүйесін құрайды.

«Жазба жұмыстарын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» бөлімінде тіл мен әдебиет пәндерінен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұсынымдар жинақталған. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі жазылым дағдыларына негізделіп, үлгілері берілуі мұғалімдер үшін әдістемелік көмек болады деп саналады.

Үш тілде де жазылып жүрген жазба жұмыстарын қатар алып, талдаудың маңызы зор. Әр тілдің мамандары тек өздеріндегі жазба жұмыстарды ғана емес, өзге тілдегі ерекшелік пен ұқсастыққа бір мезетте қарау мүмкіндігі туып отыр. Мәселен, орыс тіліндегі немесе, ағылшын тіліндегі жазба жұмыстардың жалпы атауы бірдей болып тұрғанымен тілдің өзіндік ерекшелігі мен пәннің мақсатына сай ерекшеліктері бар. Үш тілдегі жазба жұмыстарын біріктіріп беру – әдістемелік ұсынымның негізі мақсаттарының бірі.

Жаңартылған білім беру мазмұнында жалпы жазба жұмыстарын орындатуға байланысты жеке әдістемелік көмекші құралдардың болмауы аталған әдістемелік жұмыстың маңыздылығын арттырады.

Жалпы жазба жұмыстарының түрлері оқушылардың БЖБ, ТЖБ жазу кезінде де жаңа формаларда беріле бастады. Мысалы, диктант, мазмұндама, шығарма, эссе сияқты жазба жұмыстары іштей әр түрге жіктеліп беріледі.

Оқу мақсаттарына негізделген жазба жұмыстарының түрлері қазақ тілі пәні бойынша әр алуан. Мәселен, 6-сыныптар бойынша қазақ тілі пәнінде: күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, эссе, постер, сызба-кестелер деген түрлері берілген. Осы жазба жұмыстарын орындату барысында мұғалімге көмек ретінде ұсынылып отырған әдістемелік әзірлеме өз мақсатына жеткен деп санауға болады.

Сонымен қатар эссе және оның түрлеріне байланысты ұсынылған әдістемелік талдаулар мен эссе үлгілері де мұғалім еңбегін жеңілдетеді деп саналады.

Бүгінгі күні мектеп мұғалімдері әр түрлі курстардан үйренген және жеке бастамаларымен жасап алған талаптар бойынша жазба жұмыстарын алып жүр. Себебі, біріздендірілген, жинақталған әдістемелік құрал жоқ. Осындай олқылықты толықтыру мақсатында дайындалған әдістемелік ұсыным өзінің өзектілігін айқындайды.

Мақсаты - мектеп бағдарламаларында оқу мақсаттарында қарастырылған жазба жұмыстарының талаптары, орындату әдістері және жазба жұмыстарының жазылу үлгілерін мұғалімдерге көмекші әдістемелік құрал ретінде ұсыну.

Міндеттері:

- Үлгілік оқу бағдарламаларындағы жазба жұмыстарының түрлерін анықтап, дайындау;
- Жазба жұмыстарының сипаттамаларын, анықтамаларын сыныптар бойынша әзірлеу;
- Сыныптар бойынша жазба жұмыстарының үлгілерін дайындау;
- Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын орындатудың әдістемелік ұсынымдарын жасау.

«Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар» әдістемелік ұсынымы жалпы білім беретін орта мектептердің қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі мұғалімдеріне көмекші әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

3. Сыныптар бойынша жазба жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар

3.1 Қазақ тілі бастауыш сыныптар бойынша

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды іске асыруда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін талмай іздестіруден, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруден көрінеді. Жас ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын бірінші болып білім жарығымен нұрландыратын адам – бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер бірінші мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың, ойлаудың дағдыларын игере бастайды. Сөйтіп олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашылады.

Мектепте өтілген көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие беруде әдебиеттің алар орны өлшеусіз. Әдебиет адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Адамды асыл армандарға бастайды. Онда адамзаттың ілгері жарық сәулеге, жақсы өмірге ұмтылған ұшқыр қиялы, сол жолдағы күрес-тартысты, ел басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар, халқымыздың елдік қасиеті, бүгінгі жазира өмірі бейнеленген көркем әдебиетте адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді. Оқырман алдынан талай тағдырлар өтіп жатады. Олардың әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, өкініш-опығымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс-тартысымен көрінген. Көркем әдебиетте ой сөздің күші арқылы жеткізіледі де, оқушыларға ерекше әсер етеді. Балаларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптың оқушылары өздерінің жас шамасына қарай суретті кітапшаларды, ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйіп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктейді, тәтті қиялдарға беріледі, өзінше қорытынды жасауға тырысады.

Бұл сыныптағы оқушылар көбінесе оқу техникасына жаттығады. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрап оқи бастасымен-ақ, оқушыларда өзін қоршаған орта, жаратылыс, табиғаттың сырларын, көпті білуге деген ынта, көркем шығарманы оқу, мұғалім әңгімесін зейін қоя тыңдау, білмегенін сұрап алу белсенділігі басым болады. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларында танымдық мақала, іс-қағаздардың жеке түрлері, өлең, әңгіме, ертегі, мысал өлең, мақалдар мен мәтелдер берілген. Осы тұста көркем шығарма, оның түрлері мен жанры туралы мәлімет беруді міндеттеу дұрыс болмас еді.

Олар туралы алғашқы ұғым беруді бастауыш сынып бағдарламасы талап етеді. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларға әдебиеттік білім беру, әдебиеттің білімдік, өмір танығыштық қасиетін, оның тарихы мен бүгінгінің байланысын таныту әдебиет сабағының басты нысанына айналды.

Оқушыларға әдебиеттен білім берудің алғашқы сатысында мұғалімді ойландырушы мәселелер баршылық, мәселен, 11 жасар бала ұғымына көркем шығарманы қай тұрғыда танытқан жөн, әдеби шығарманы оқудан, онымен жалпы таныстықтан талдаудың қандай айырмашылығы бар: көркем шығарманы талдау, әдеби теориялық ұғымды қалыптастыру қажеттілігінің сыры неде, әдеби білім мен шеберлік дағдыларының арасындағы қарым-қатынасты байланысты ұғындырудың тиімді жолы қайсы деген сұрақтар өзінен-өзі туындайды.

Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы талдау принципінде орта буын мен жоғары буында ұқсастық бар. Бірақ әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және іскерлік, шеберлік дағдыларының сапасына қарай талдаудың әр буында өзіндік салмағы бар.

Енді оқушыларға әдеби білім берудің сол кезеңдерін, онда қалыптастырылатын іскерлік пен шеберлік дағдыларын байқап көрейік.

Сөзбен жұмыс істеу – сөздік қорын молайту – тіл көркемдігін, сөз өнерін меңгерту деген сөз. Ал сөз өнері – әдебиет.

Көркем шығарманы оқу, талдау барысында оқушы жазушының әр сөзін таңдап, талғап қолданатындығына көзі жетеді, ана тілінің көп қырлылығын меңгертеді.

Неғұрлым осындай жұмысқа тереңдеп барған сайын оқушылардың көркем әдебиетке деген ынтасы артады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағы аса маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта ана тілінде қоғам және ондағы адамдар туралы, сүйікті отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты, сондай-ақ жануарлар дүниесі туралы деректерді оқып, үйренеді, өмірге қажетті сан алуан машықтарды меңгереді.

Соның нәтижесінде оқушылардың келешекте жоғары сыныптарда жақсы оқуға, белгілі бір мамандыққа деген құмарлығы артады.

Әдебиеттік оқу сабағы арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Бұл пәннің әр сабағын – адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сенімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десе де жарасады.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынов: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», – деген еді.

Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан заман талабына сай әрбір сабақ беру әдісін жетілдіру арқылы сабақтың сапасы мен тәрбиелік маңызын арттыру бағытында мұғалім шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Жас буынды төл мәдениет мәйегімен тәрбиелеу барысында бастауыш мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігі де, міндеттері де жоғары. Ендігі қажеттілік – тынымсыз шығармашылық ізденіс. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптанған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір

тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбиемен өзектестіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы оқушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүниетанымын дамытуға ықпал ететін әдебиеттік оқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылғаны абзал.

Шығарма дегеніміз – оқушылардың тілдік және әдебиеттік білімдері мен өзінің таным, түйсік, көзқарасының тәжірибелеріне сүйене отырып өз ойын жүйелі, әдеби тіл қалыбында бере білуге машықтандыратын жазбаша тәжірибелік жұмыстың бірі. Қазақ әдебиеті пәндерінен шығарма жаздырудың мақсаты мен міндеті осы мазмұннан туындамақ.

1. Шығармадан баланың тілдік мәдениеті, сөздік қоры, теориялық білімі, әдеби ұғым - түсінігі, жазуға икемі мен ойлау деңгейі байқалады.

2. Шығарма – оқушының жеке тұлға ретінде өзін көрсете алуының белгісі, дағдылы жұмыстың көрінісі. Оқушының ауызша сөз саптауын қалыптастыруды біз қиын дейміз, ал ойын жазбаша түсіруге қалыптастыру одан да қиын. Олай болса, бұл – жүйелі түрде жүріп отыратын ұзақ үдерістің түпкі нәтижесі.

Нәтиже қай жұмыста да нәтижелілігімен бағалы. Алдындағы оқушысы ақ қағазға өз ойын, көзқарасын, пікірталасында туған шешімін түсіріп, тіпті өзіндік стиль айшығын танытып жатса, мұғалім жұмысының шынымен нәтижесі болғаны ғой. Жас ұрпаққа білім беруде олардың пәнге деген көзқарасын қалыптастыру үлкен рөл атқарады. Шығарма жазу үшін және оған жоспар құру әдістері оқушылардың ой - қабілеттерін арттыра түсетіні белгілі. Әдебиет сабағынан шығарма жазу – әдебиетті оқыту процесінің сапаға айналған нәтижесі болып табылады. Мұғалімнің педагогтік шеберлігі еңбегін айқындайтын, оқушының әдебиеттік ұғымын, білімін байқайтын, сынайтын көрсеткіш.

«Емтихандық жазба жұмыс – мектеп оқулығын немесе белгілі бір библиографиялық - сын мақаланы қайталап, болмаса мұғалімнің ой пікірін өңін айналдырып жазып беру емес. Оқушының көркем әдебиетті оқығанда алған әсерін, жазушының өмірімен, шығармашылық жолымен танысқанда білген, жалпы әдебиет пәнін оқуда көңіліне түйген, таныған, өзіндік ойлары мен сезімін дұрыс жазып беруін талап ететін уақыт жетті. Емтихандық шығарма сапалы болумен қатар, онда әңгіме етіліп отырған мәселені терең түсіндіру арқылы эмоционалдық жақтан айқын да анық баяндалуы және нақты пікірі әдеби көркем тілмен берілуі қажет» делінген.

Шығарманың өзін бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Оқушының өз тәжірибесіне, алған әсеріне байланысты.
2. Еркін тақырыпқа жазылған шығарма.
3. Әдеби тақырыпқа жазылған шығарма.

Сонда оқушының өмірден көрген, бақылаған өз тәжірибесі, өз өміріне байланысты, осы негізде жазған шығармалары бірыңғай жүйеленеді.

Шығармашылық талапты орындау, оқушының алған тақырыпты толық меңгеріп, оған қажетті материалдарды саралап, тақырыпқа тікелей байланысы жоқ жанама мәселелерден аулақ болу жазу жұмысының тиімділігін арттырудың айғағы екенін мектеп тәжірибелерінен көруге болады. Жоғары сыныптағы шығарма жұмыстарының шығармашылық толғаныспен жазылуы үшін ең алдымен жазу жұмысының теориялық негіздерін білу шарт.

Шығармаға дайындау:

- Сөз үйрету
- Сөздің мағынасын білдіру
- Сөздерді таңдай білу
- Әр шығарманың әр бөліміне лайықты сөздер қолданысын меңгеру.

2. Ой тастау

- Сөзден идея тудыру
- Идеяны түсіндіру
- Идея мен тақырып байланысын білу.

Шығармаға қойылар талап әр түрлі, тіпті көп болуы мүмкін, бірақ мақсат – біреу: негізгі тақырып не, соны басты тақырып ету керек. Жоспарлау соның айналасында ғана болу керек.

4. Жоспар – шығарма айнасы. Тақырыпқа сай жоспар құру, жоспарға сәйкес шығарма жаза білу, жоспарда көрсетілген тақырыпшаларды аша білу – оқушыларға үлкен сын. Кейде оқушылардың жоспары тақырыпты мүлде ашпайды, оған еш қатысы жоқ болып шығады. Кей жағдайда шығармаларының мазмұны жоспарға мүлде қатыссыз болып шығады.

Тақырып, жоспар, шығарма – бұл үшеуі бірімен бірі біріктіріліп тұратын өзектес мәселелер. Оқушыларға мазмұндамадан гөрі шығарма жазып үйрету шәкірттеріміздің өзінше еңбек етіп, еркінше талаптануына, өз пікірін, ойын сарапқа салуына әсерін тигізері сөзсіз. «Талаптыға нұр жауар» деген халқымыз, өзінше талаптанғысы келген әрбір шәкірттерімізге жол - жоба, бағыт беру, ұшқыр қиялдарымен биікке самғай беруіне тілектес болу әрбір ұстаздың борышы. Ұстаз бен оқушы арасындағы осындай шығармашылық байланыстың тұрақтылығы ғана табысты жетістікке жол салады.

Бастауыш сыныпта шығарма жазу жұмысын қалыптастыру

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім – барша әлем тыныс-тіршілігінің алғашқы іргетасы. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» десек, біздің бүгінгі тербеткен бесігіміз – мектеп! Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі. Мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды, тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде

қарастырады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Қазақ тілі сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары – оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі.

Қазақ тілінде жазба жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстарға қол жеткізу – мұғалімінің де шеберлігін талап ететін өнімді ізденіс.

Тілді оқытуда жүргізілетін жазба жұмыстары оқушылардың жазылым әрекетін қалыптастырады. Осы әрекетті орындау үшін жазба жұмыстарының бірнеше түрлері қолданылады. Жазба жұмыстарының түрлеріне жаттығулар, түрлі мәтіндер, диктант, мазмұндама, шығарма, т.б. жатады. Жазба жұмыстарының бұл түрлері өтілген әр тақырыптың ыңғайы мен мазмұнына сәйкес белгіленіп, оқушылардың теориялық білімдерін нығайту мақсатында жүргізіледі, жазба жұмыстары бұрын өтілген грамматикалық материалды оқушылардың санасына тұрақтандырып, ақыл-ой әрекеттері арқылы тиянақты меңгеруге бағытталады.

Жаттығулар мақсатына қарай тіл дамыту, тіл ұстарту, сөз мәдениеті құралдарын қолдану жаттығулары деп, ал тапсырмалар сипатына қарай ізденімдік, проблемалық және шығармашылық болып бөлінеді. Тіл дамыту жаттығуларында оқушының ортологиялық дағдыларын дамыту көзделеді де, тіл ұстартуда оқушының өздігінен шешім жасауына бағытталған жаттығулар топтастырылады. Ізденімдік тапсырмалар дайын оқу материалдары негізінде оқушының шешім жасауын талап етсе, проблемалық және шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау, танымдық, қатысымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Бұл жұмыстарға мәтіндерді редакциялау, мәтін бойынша өзгеше нұсқа құру, эссе, шағын шығарма жаздыру секілді жұмыстармен қатар жоба жасау, проблемалық жағдаяттарды шешу, сөз жұмбақтар және т.б. әрекеттер қамтылады.

Шығарманы жазу көркем мәтінді терең түсіну, өз ойын қисынды, дәлелді, бейнелі түрде баяндау мен тұжырым жасау дағдысын талап етеді. Бұл-әсіресе, жоғары сынып оқушылары алдында тұрған үлкен проблемалардың бірі. Дегенмен, білім негізгі бастауыш сыныптардан қалана бастайтын болса, шығарманың алғашқы нұсқалары да бірінші сыныпта-ақ жазыла бастайды.

Шығарма-оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой - пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.

Көркем мәтінді меңгертуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі - мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады.

Баяндауға әр түрлі оқиға, құбылыс, әрекеттерді жүйелі түрде тізбектей қысқаша немесе толық түрде әңгімелеу жатады.

Суреттеу - қандай да бір заттың өзіне тән белгілерін санамалау арқылы сөзбен бейнелеу, сипаттау. Суреттеудің мақсаты – оқушыға заттың немесе жеке адамның сипаттамасын анықтап белгілеу, талқылау ол туралы толық көрініс қалыптастыру.

Пайымдау (талдау, талқылау) қандай да бір ойды, жекелеген құбылыстарды салыстыра отырып, ұқсастығын не айырмашылығын анықтау, дәлелдеу, растау болып табылады. Осы жолмен ойдың даму барысын айғақтай отырып таратады және зат (нысан) туралы жаңа білім, түсінік қалыптастыру көзделеді.

Шығарма жұмысына дайындық кезінде жалпылама шашыраңқы сұрақтар емес, әрбір деталь ескеріле отырып, жүйелі қойылуы тиіс. Осы ізбен шығарманың кезең - кезеңі бойынша бірнеше қысқа мәтіндер құрастырылып, ең соңында бір мәтінді толық жүйелеп әңгімелеу жүргізіледі.

Оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланыста болуы, мұғалімнің педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсенділік, дербестік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекет қалыптастыруға болады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында осындай жұмыс түрлері жүйелі ұйымдастырылып отырса, оқушының өз ойын жаза, әрі дұрыс айта жеткізе білуі сөзсіз.

Шығарма жазудың талаптары мен тәртібі

Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып, баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушының көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, көркем тілмен әсерлі, жүйелі баяндалуы талап етіледі.

Оқушы тапсырманы өзі орындауы керек. Оқушының ойланып, нақты нәтижеге жетуін қадағалау – мұғалімнің басты міндеті. Жазба жұмысынан оқушының ой-өрісі, білімі, сауаты көрініп отырады. Ауызша жауапта оқушы білімін толық көрсете алмауы мүмкін, ал жазба жұмыстың ішіндегі ең бір толыққанды, оқушы білімінің нәтижесін толық тексеруге мүмкіндік беретіні шығарма жұмысы.

Шығарма түрлеріне келетін болсақ, олар: еркін шығарма, оқушының іс-әрекетіне байланысты шығарма, өнер саласына байланысты шығарма, сурет, фильм (диафильм), экскурсия бойынша шығарма, оқыған, естіген әңгімелеріне байланысты шығармалар.

Оқушылардың шығарма жазуында төмендегідей міндеттер туындайды:

1. Оқушының ойлау қабілетін арттыру;
2. Ана тілінде сөйлеп, жаза білуге жаттықтыру;
3. Ақын – жазушылардың шығармаларын білу;
4. Оқыған – білгенін шығарма жұмысына пайдалана алу;

5. Сауатты жазуы, келген ойды дәл бере білуге үйрету;
6. Оймен жұмыс істей отырып, оны басқара білу;
7. Келген ой толқынын іркіп, келесі ойға жол бере білу
8. Цитаттарды (дәйектеме сөз) келтіре білу
9. Бөлімдердің арасындағы байланысты сақтау.

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

Жазу тілі ауызша сөйлеуден кейін шықты, сондықтан да ол үнемі ауыз тілге сүйеніп отырды. Жазудың құрамына алфавит, графика және орфография енеді. Жазба тілінің өзіне тән ерекшеліктері бар.

Бастауыш сыныпта жүргізілетін мазмұндама, шығарма жұмыстарының барысында оқушылар:

- білімдерін бекітеді;
- өз беттерімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады;
- яғни зейін қойып тыңдай біледі;
- белгілі бір жобалар бойынша сөйлем мүшелеріне талдай біледі;
- сұрақ қоя біледі;
- қажетті деректерді тере алады;
- сөздікпен жұмыс істей алуға үйренеді.

Шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруы сыннан өткен мынадай түрлерін алуға болады:

- тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;
- арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
- сөзжұмбақ құру, шешу;
- шығарма, шағын әңгіме, мәтін құру;
- әңгімелердің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу;
- қиялдау арқылы суретін салғызу, рөлге бөліп оқыту;
- ұнатқан кейіпкерге мінездеме беру, осы әңгіменің мазмұнына, мағынасы кері әңгіме құру;
- мазмұндама түрлерін жазу;
- адасқан сөздерді орнына қою.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін-байыту, қиялын ұштастырумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Бастауыш сыныптарда балалар жазатын шығармаларды мынадай топқа жіктеуге болады:

- 1) Оқушылардың оқыған яки естіген әңгімелеріне байланысты;
 - 2) Экскурсия бойышша;
 - 3) Өнер саласына (сурет, кино, қуыршақ театрының спектакльдері, т.б.) байланысты;
 - 4) Оқушының іс-әрекетіне (ойын, еңбек, т.б.) байланысты тақырыптар,
- Шығарма жұмысына байланысты мынадай кемшіліктерді атап өтуге болады:
- 1) шығарма белгілі бір жүйеге негізделмеген;
 - 2) шығарманың ойдағыдай шықпауы жұмыс жоспарының болмауынан;

3) шығарма мәтінінде бір сөздің әрі сөз тіркестерінің бірнеше рет қайталануы.

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

- Тақырыпты толық аша білу;
- Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен көпсөзділікке жол бермеу;
- шығармада сөз болған жайды оқушының басқаларға түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы;
- Шығарманың бөлімдерінің негізгі ой арқылы шебер байланысуы;
- Шығармада жазушының өмірбаянын, жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек;
- Оқушының шығармада сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен шағын үзінділерді қисынымен қолдануы, оның терең білімін танытады;

Шығарманың жазылуында ұшырасатын кемшіліктердің негізгі бөлігі мына жағдайларға байланысты:

- оқушы шығармашылық жұмысқа құлықсыз болған жағдайда шығарма мақсатына жетпейді;
- шығармаға бағыт берілмесе, мақсатына жетпейді.

Қате түсініп, көңілсіз жазылған шығармаларды қайта құрастыру, ойын жүйелеп, жаңарту оңайға түспейді. Сондықтан алдыңғы сәтсіз шыққан шығармадағы кемшілікті жою үшін басқа тақырыптағы шығарманы ұсынған тиімді.

Шығарма жаздырудың ең басты мақсаттары мыналар:

1. Бала біліміне бақылау, білім деңгейін тексеру.
2. Жазбаша көркем тілін дамыту, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда пайдалана білуге дағдыландыру.
3. Ойлану еңбегіне өз беттерімен іздендіру, өз пікірлерін салыстыру, қорытынды жасай білуге дағдыландыру.
4. Оқушылардың қабілеті, дарынына әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулу.

Азат жолды қалай білу керек? Мұғалім мәтінді оқыған кезде мазмұнына мән бергізу керек. Мәтін не туралы неше бөліктен тұрады, әр бөлімде қандай ой айтылды деген сұрақтарды диктант мәтіні оқылғаннан кейін талдап алған дұрыс. Бастауыш сынып оқушылары шығарма, мазмұндама жазуда өз бетімен азат жолды таба білуге үйрету керек. Тақтада әрдайым үлгі ретінде мәтін жазылған парақша ілініп қойылады.

Мазмұндама және шығарма жұмыстарындағы қатемен жұмыс

Есепке алынбайтын қателер:

- 1) Бағдарламада көрсетілген ережелерден жіберілген қателерден өзге осы сыныпта орфография мен тыныс белгісінің ережелері оқытылуына байланысты жіберілген қателер есепке кірмейді.
- 2) Бастауыш мектептерде және осы сыныпқа арналған оқулықтың жаттығуларында кездеспеген сөздерден жіберілген қате есепке алынбайды.
- 3) Байқаусыздан жаңсақ жазылған сөздердегі қате есепке кірмейді: келмейді кемейді, болыпты -бопты, т.б.

Алайда қателерді жаңылып жазылған дей беруге болмайды. Оқушының жаңылып жазған сөзін оның дұрыс жаза алатынын көз жеткенде ғана қатеге есептемеу керек. Егер де жаңылып жазылған жағдай үштен асып кетсе, онда оларды емле қатесі деп санайды.

4) Екі түрлі жазылып жүрген сөздердің бір түрі жазылса немесе екі түрлі қойылып жүрген тыныс белгісінің біреуі қойылса, онда диктант мәтіні жазуға дәл келмей тұр деп, қатеге есептеуге болмайды. Мысалы: қазір-кәзір, өйткені-үйткені, т.б. Егер де диктантта қате жазылған сөз не тыныс белгісі қайталанып келсе, онда олар бір қатеге есептеледі

Шығарма жазудың талаптары мен тәртібі

1. Шығарма тақырыбы тырнақшаға алынбайды, тақырып дәйексөз ретінде алынған жағдайда ғана тырнақшаға алынады.

2. Эпиграф оң жақта, тырнақшаға алынбай жазылады. Авторы бір жол төменірек жақшаға алынбай жазылады. Егер шығарма жазушы эпиграф алынған туындыны көрсеткісі келсе, автордың аты – жөнінен кейін үтір қойып, шығарманың атын тырнақшаға алып жазады.

3. Жоспар деген сөз эпиграф болса, одан төмен, ал эпиграф болмаса, тақырыптан соң, жол ортасына жазылады. Жоспар сөзінен кейін нүкте қойылады.

4. Жоспар үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім. (рим сандарымен белгіленеді, олардан кейін нүкте, жақша қойылмайды).

а) Негізгі бөлім тақырыпты ашуға бағытталып, араб санымен белгіленген, кемінде үш пункттен тұруы керек. Араб сандарынан кейін нүкте қойылады. Әр пункт жан-жақты қамтылса, бірнеше бөлшектен тұруы мүмкін, ондай жағдайда әр бөлшек әріппен белгіленіп, жақша арқылы жазылады (екі бөлшектен кем болмау керек).

5. Шығарма бөлімдерінің аты бір жолға сыймай қалса, келесі жолға жазылады, бірақ жоспардағы рим, араб сандары мен әріптердің асты ашық көрініп тұратындай тәртіппен жазылады.

6. Шығарманың әр бөлімінің атынан кейін нүкте қойылады.

7. Келесі бөлімнің аты бас әріппен жазылады. Әр пунктін бөлшектері болса, қос нүкте қойылып, бөлшек атының соңына нүктелі үтір қойылады. Содан кейінгісі жаңа жолдан басталып жазылады. Ең соңғы бөлшектен кейін нүкте қойылады. Келесі бөлім жаңа жолдан бас әріппен басталады.

8. Шығарманың бөлімдері мен бөлшектерінің аты қысқа, нақты түрде берілуі керек.

9. Жоспардың бөлімдері сұраулы сөйлемдермен берілмейді.

10. Егер шығарма авторы жоспарды дәйексөздермен (цитатамен) берсе, дәйексөз тырнақшаға алынып, соңына оның авторы жақшаға алынып жазылады.

11. Жоспарға сәйкес әр бөлім абзац арқылы жазылуы керек.

12. Шығармада берілетін сандық мәліметтер: ғасырлар – римше, жыл, күн – араб сандарымен, ал басқа сан есімдер сөздермен берілуі керек. Ғасырды араб

санымен көрсетуге болмайды, дей тұрғанмен кездессе, баға кемітуге ықпал жасамайды.

Ескерту: диктантта барлық сан есімдер, тіпті күндерді көрсететіндері де сөзбен жазылады.

13. Өлеңнен алынған үзінді жолдың ортасынан, тырнақшаға алынбай жазылады.

14. Шығарма өте ұқыпты, каллиграфиялық нормаға сай жазылуы керек.

15. Дәйексөз жазғанда, қазақ тілі оқулықтарындағы тыныс белгілеріне байланысты барлық ережелерге сүйену керек. Өлеңнен алынған үзінді жолдың ортасынан, тырнақшаға алынбай жазылады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шығарма жаздыру – балаға білім беру ісінің ең күрделі, маңызды жұмыстарының бірі. Шығарманы үйде де, сыныпта да жаздырады. Бағдарламада шығарма жаздыру сағаттары берілген. Тақырыптың ауыр-жеңілдігіне, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты шығарма жазудың уақыты белгіленеді. Мысалы, сыныпта – 2-3 сағат, үйде – 1 апта, не 10 күнге дейінгі мерзімге беріледі.

Мұғалім қосымша сабақ өтеді, жекелеген оқушылармен жұмыс жүргізеді, қосымша материалдар іріктеуге, эпиграф алуға көмектеседі. Оқушы шығарманы үйде жазып жатса, оның алғашқы сұлбасын оқып, ақыл-кеңес береді. Басында үлгісі берілген нұсқау-көмекті естеріне түсіріп, шығармаға қояр талапты қайталайды. Егер тақырып қиын болса, сыныпта немесе қосымша сабақта жоспар құруға көмек жасайды. Кейде оқушылардың пікіріне, ойына ерік беру керек. Қай тақырыпта шығарма жазады, қай тақырып маңызды екендігін өздері шешуі керек. Шығарма жазу үшін, ең басты мәселе- оқушының сол тақырыпты білуіне ғана емес, сонымен бірге білгенін көркем, тиянақты тілмен жеткізу қабілеті, тіл байлығы, сауаттылығы, әдеби талдауы, негізгі мәселелерді дөп тауып, соны тұжырымды бере білуі, дүниетанымы да үлкен рөл атқарады. Қосымша материалдарды пайдалана білу өте алғырлықты, зеректілікті қажет етеді. Сондықтан мұғалім балаларды шығармаға баулуда көп еңбектенуі, тер төгуі қажет.

Шығарма жазуда жоспардың жай, күрделі түрлері пайдаланылады. Егер оқушы шығармасының мазмұны, тілі, стилі, сауаттылығы жағынан талапқа сай жазылса, жоспар бар ма, жоқ па оны негізге алмау керек. Эпиграф жайлы да осыны айтуға болады.

Шығарма – оқушының білім деңгейін көрсететін шығармашылық жұмыс. Бұндай жұмыстар оқушыларға кең ойлауға, ойын дәлелдей алуға, өзіндік көзқарасын нақтылауға үйретеді.

Бастауыш сынып оқушыларына шығарма, мазмұндама жаздыру жолдары

Оқушылардың өз ойын ауызша және жазбаша тиянақты айтып, жазып беруге үйрету бастауыш сынып бағдарламасының басты талабы. Таза, әрі дұрыс сөйлем жаза білу үйретуге байланысты. Оқушы өз ойын терең, шебер, толғана айтып, жазып бере алмаса, онда біздің әдебиеттік оқу мен қазақ тілінен

берген біліміміздің біржақты болғаны. Әдебиеттік оқу сабағы—оқушылардың логикалық ойын, ойлау қабілетін, білімін жетілдірудің, сезімталдығын арттырудың басты құралы.

Сондықтан бұл пәннің білімдік, тәрбиелік мүмкіндіктерін сарқа пайдалануымыз керек. Оқушыларға мазмұндама, шығарма жазуды үйретудегі басты мақсат білетін сөздерін қаншалықты дұрыс қолдана алатындығын анықтап, ойын жүйелі жазуға үйрету. Шығарма жаздыруды ең алдымен мазмұндамадан бастаған дұрыс. Мазмұндама жазуға әуелі оқыған мәтіннің мазмұнын оқушы ауызша айтып төселеді. Онда мұғалім мәтінді әуелі өзі көрнекті етіп оқып, одан соң мазмұнын қысқаша айтады да, кейін тағы оқушылардың өздеріне қайталатып оқытады. Егер мәтінде оқушыларға таныс емес сөздер кездессе, оған түсінік беріледі.

Мұғалім сұрақты сыныпқа қояды. Жауаптың бір сөйлемнен болғаны тиімді. Сонда оқушылардың ойлануына жеңіл тиіп, мәселенің түйінін шешуге жетелейді. Кейде сұраудың жауабын мәтіннен таптырудың да пайдасы бар. Мәтінді ауызша мазмұндауға жаттықтырған соң ғана жазбаша мазмұндауға ауысамыз. Мұғалім мәтінді оқып, ауызша түсіндіреді немесе оқушылардың өздеріне қайта оқытып, айтқызып мазмұнын толық түсіндіргеннен кейін тиісті сұраулармен мәтіндегі түсініксіз және жазылуы қиын сөздер тақтаға жазылады. Оқушылар тақтадағы жоспардың ретімен мәтіннің мазмұнын жаза бастайды. Оқушыларды мазмұндама жазуға дағдыландырудың бір жолы өлең жолдарын қара сөзге айналдырту.

Мәселен, Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» өлеңін оқушылар қара сөзге былай айналдырды: «Шегіртке жаздың жайдары, әдемі күндерінде еңбек етпеді. Бір көгалдан екінші көгалға ұшып-қонып, дайын тамақты жеп, уақыт өткізді. Ал, құмырсқа болса, бұл кезде өзіне күн суытқанда тұратын үйшік жасады. Азық жинады. Күз басталғанда ол осы үйіне кірді. Жазда жинаған тамағын қорек етіп тұра берді. Бұл кезде шегіртке тоңып, кіруге орын, жеуге тамақ таппады. Құмырсқадан келіп тамақ пен үй сұрады. Құмырсқа сұрағанын бермеді. «Қыс боларын жаз неге ойламадың? — деп ұрысты». Мәтінде стильдік кемшіліктер бар. Оны мұғалімнің көмегімен қайта мазмұндатып, түзеген соң ғана жазбаша орындауға көшеді.

Мазмұндама жазуға толық төселіп, меңгеріп алғаннан кейін ғана білім алушыға жақсы білетін тақырып бойынша шығарма жаздырту керек. Шығарма жазғызу-оқушыны өздігінен жұмыс істеуге үйретудің ең күрделі түрі. Сондықтан шығарма жазуды үйретуді жеңіл де ең қарапайым, балаларға бұрынан таныс тақырыптардан бастаған дұрыс. Мұндайда көрнекіліктің пайдасы зор. Шығармадағы сөйлем, сөйлемдегі сөз саны да солай молаяды. Қарапайым жай жоспарлы сұрақтармен қатар, бір сұраққа үш-төрт, кейде одан да көп сөйлемдік жауап қайтаратындай да жағдай жасалады. Бұдан оқушылардың логикалық ойды қадағалап, толықтыра білу қабілеттері жетіле түседі. Олар өмірден көргенін, табиғаттан сезгенін, адам тіршілігінен түйгенін байыптай алатын дәрежеге көтеріледі. Мұндайда кітаптан оқығандары, мұғалімнен естігендері, саяхат, еңбек үстінде көріп қаныққандарының да

жәрдемі көп. Шығарма жазушы өмір, табиғат, тіршілік құбылыстарын бақылаушы ретінде ғана емес, соған тікелей араласып, тиісті қорытынды жасаушы да болады. Ауа-райы мен табиғат күнделігін жүргізу, жыл мезгілдеріне қарай орындалатын шаруашылық туралы жазғызу; әжесінің айтуымен хат жазу т.б жұмыстар шәкірттерді машықтандырады. Демек, көрген-білгендері бойынша еркін тақырыпқа шығарма жаздыру – оқушылардың шығармашылық ойын дамытудағы айрықша мәні бар, қолайлы әдіс.

Тәжірибеде шығарма жаздыруда көбінесе мынадай тақырыптарды пайдалануға болады: «Жаз», «Күз», «Орманда» «Біз шыршаны қалай безендірдік», «Бүгінгі ауа-райы», т.б. Тақырып қиындау болған жағдайда жай жоспар жүргізуге болады. Мәселен, «Жайлау» тақырыбы бойынша мынадай сұраулар беріліп, қысқа әңгіме жүргізілді.

1. Жайлауда не көрдіңдер?

2. Қойшылар не істеді?

Ауызша әңгімеден кейін былай жоспарладық;

1. Жайлау.

2. Қойшылардың жұмысы.

3. Бөрібасар. Осы жоспар бойынша бір оқушының шығармасын келтірейін.

5. Жайлау

Біз жайлауға бардық. Ауыл көлдің жағасында екен. Самал жел соғып тұрды. Қойшылардың өмірімен, тіршілігімен таныстық. Біреуі қой жайса, екіншісі күзетеді. Қойшының Бөрібасар деген үлкен иті бар. Түсі суық, айбынды-ақ. Өзі қойшының жанынан қалмайды. Ол қойларды қасқырдан қорғайды. Бұдан шығатын қорытынды: оқушылардың көрген-білгені мен сурет бойынша жазған шығарманың арасында елеулі айырмашылық аз. Тек шығарма жаздыруға алынған суреттің мазмұнына, эстетикалық құрылымына ерекше көңіл бөлінеді. Яғни, сурет сюжетінің оқушы өміріне, жас ерекшелігіне, ой өрісіне, біліміне лайық болғаны мақұл. Мысалы: «Мұз үстінде» деген сурет алдымен төмендегіше ауызша мазмұндалады. Мұз үстінде бір ересектеу бала тұр. Аяғында коньки. Екінші бала қасында құлап жатыр. Оның аяғында да коньки. Үлкені кішісіне коньки тебуді үйретіп жүргені байқалады. Үлкені кішісін сүйемелдей ұстаған күйі екеуі қатарласып барады. Кішісі коньки тебуді аздап үйренген сияқты. Осы шамалас мазмұндама балалар суретті көріп, түсінген ойын жүйеге келтіріп, қағаз бетіне түсіреді. Мұнда қажетті сөз, сөйлемдерді талғап, таңдап алады. Тақтаға әңгіменің мынадай жоспарын жасадық:

1. Ағасы мен інісі қайда барды?

2. Інісі неге құлады?

3. Інісі коньки тебуді қалай үйренді? Оқушылар осы жоспарға орай суреттің мазмұнын ретімен жазбаша баяндайды. Әрине жоспарды өзгертіп, басқаша құруға да болады. Сыныпта шығарма жазуға арналған суреттердің ішінде мазмұны күрделілері де кездеседі.

Мұндайда шығарманың жоспары тақырып жүйесімен де жасалады. Экскурсия материалдары да пайдаланылады. Оқушылар барған жерінің табиғат жағдайларын, көріністері мен сол күнгі ауа райын, жыл мезгілін, желдің соғуы мен күннің батуын, кім бастап апарғанын, қай жерге барғанын т.б. дәптерлеріне жазып алу күні бұрын ескертіледі. Экскурсия жөнінде әңгімелесіп, оны шығарма етіп жаздыру қолайлы. Бұл туралы балалар ұмытып қалмау үшін ізін суытпай жаздырған дұрыс. Кей ретте балаға жазылатын шығарманың тақырыбын беріп, шығарманы өздігінен жазуға көшеміз. Мұндайда тақырып жеңіл, баланың өзінің таныс істерінен бастау жақсы. Мазмұндамада бала бір адамның ойын айтып не жазып беруге үйренсе, шығармада өзінің ойын жүйелі көрсетуге дағдыланады.

Шығарма баланың шығармашылық ойын, қиялын дамытады. Бастауыш сыныптарда шығарманы оқыған, естіген, көрген, өмірлеріндегі кездесетін оқиғаларына, әртүрлі өнер саласы мен табиғат құбылыстарына бақылау негізінде де жаздыру пайдалы. Мен шығарманы көбіне табиғат құбылыстарына, жыл мезгілдеріне жазғызамын. Бала табиғат туралы көп нәрсені жақсы біледі.

Сондықтан білетіндерін қағаз бетіне оңай түсіреді. Мысалы 3-сыныпта «Алтын күз» тақырыбына шығарма жазу жоспарланса, балаларға 10-15 күн бұрын хабарлап, тапсырма бердім, ауа райы, күздің белгілерін жазып жүреді, яғни табиғат құбылысына арналған күнтізбелік жүргізеді.

Грамматика сабағында да оқушылардың сөздік қорына назар аударып, оның молығуы қадағаланады. Сыныпқа әр түрлі ағаштардың жапырақтары мен бұтақшаларын, піскен жемістердің әртүрін әкеліп, олардың түр-түсін, аттарын, өнімдері жайлы сөздерді дәптерлеріне жазғызамыз. Мысалы: құрғақ, күз, ашық, сарғылт, түсті алма, қызғылт, піскен, хош иісті, күзгі күн т.б. сөздер жөнінде мағлұмат беріп отыру. Түрлі-түсті суреттер көрсетіледі. Сөйтіп, бастауыш сынып оқушыларына мазмұндама және шығарма жаздырып үйрету өте үлкен жауапкершілікті, еңбектенуді және шеберлікті талап етеді. Бастауыш сыныптың ең басты міндеті—оқушылардың ойын, тілін ауызша және жазбаша дамыту екендігін естен шығармау керек.

Бастауыш сынып оқушыларына эссе жазғызу талаптары: оқушыны келесідей мәселерді шешуге баулу:

- бір ғана түпнұсқаны пайдаланбай, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білуге;
- алған білімін өмір ағымына қолдана білуге үйрету;
- оқушының өз белсенділігін дамытуға;
- әр оқушының қабілетіне қарай дарындылығын, қызығушылығын дамыту білімді шығармашылықпен меңгеру дағдыларын қалыптастыру.

Эссе жазуға бастауыш сынып оқушысын үйрету жолдары және мәлімдеме:

1. Мұқият ұсынылған тақырыпты оқыңыз. Біз қандай мәселе туралы айтып отырмыз? Не туралы ойлауға, ойлануға болады? Оқырманды таң қалдыруға тырысыңыз, назар аударыңыз (бұл сұрақ, шақыру, қызықты мәлімдеме болуы мүмкін).

2. Негізгі ойды, сөйлеуге деген құштарлықты тудыратын сұрақты тұжырымдап, жазыңыз. Бұл тақырып бойынша дәйексөз болуы мүмкін.

3. Негізгі ойды ашу үшін қандай дәлелдер (дәлелдер, мысалдар) келтіруге болады? Бұл дәлелдерді сөйлеу стереотиптерін (жеке көзқарасты білдіретін) пайдаланып жазыңыз, синонимдерді, бейнелі өрнектерді, салыстыруларды қолданыңыз. Өз ойыңызды айтыңыз, оқырмандарға хабарласыңыз.

Қорытынды бөлімде рефлексияны қорытындылаймыз, пайымдауымызды басқа мәселелермен байланыстыру. Осылайша, бастауыш мектепте эссе жазуға үйретуге болады. Әрине, жас ерекшеліктеріне және тілді толық білмеуіне байланысты бастауыш сынып оқушысы барлық талаптарға сәйкес эссе жаза алмайды. Бірақ бұл прозалық шығарманың негізгі элементтері бастауыш мектеп үшін өте қолайлы.

Диктант (лат. dicto «диктент» dicere «сөйлеу» деген сөз) — тіл үйрену кезінде оқушылардың дағдыларын бекіту және білімдерін тексеру мақсатында дұрыс жазуға үйретудің бір түрі.

Мақсаты: Диктант жүргізу, оған қойылатын талаптар, жаздыру техникасы жайлы және диктант түрлері туралы мағлұмат беру. Диктанттың оқушы сауаттылығын арттыруда, тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде алатын орнын көрсету.

1. Диктант жүргізуге қойылатын талаптар

Мұғалімнің мәтінді үйде алдын-ала тағы бір қарап шығуы, әсіресе, сабақ жоспарын жасау кезінде аса қажет деп есептеледі. Жалпы диктантқа жоспар жасамайтын мұғалімдер де кездеседі. Жасағандары болса, диктанттың атын, өтетін күнін, айын, сыныпты жазумен ғана шектеледі. Ең алдымен, мәтінді оқу кезеңінде көлденең сөз, сұрақ болмауға тиіс. Жазу кезінде бірлі-жарым қалып қойған оқушы болса, ол мұғалімнің ісі. Ал кейде, оқушылар тарапынан бір қажетті сұрақ бола қалса, жаздырып жатқан кезекті сөйлемді оқушылар түгел жазып біткеннен кейін қойылу керек. Диктант мәтінін жаздыру үстінде, диктант мәтінінен сыртқары кездесуі ықтимал көлденең сөздердің көлемі, мазмұны, шамасы оқушыларға алдын ала белгілі болуға тиіс. Мәтінді жаздыру үстінде мұғалім тарапынан оқушыларға айтылатын ескертпе түріндегі сөздерді жиі пайдалануға болмайды. Ерекше бір күрделі, қиын сөйлемдерді жаздыру ретінде ғана емес, бар ынта, зейіні диктант мәтінін жазуда болып отырғанда, мәтін арасына көлденең сөздің кіруі оқушыларды аз да болса, алаңдатады, зейінін бөледі. Екіншіден, өзі жазып үлгіре алмай отырған кейбір балалар жаңағыдай сөздерді (көлденең) ажырата алмай, мәтінмен бірге жазып қояды. Мәтінді оқуда басты талап – тілдің орфографиялық заңдылығын сақтау болып табылады.

Диктант мәтініне байланысты мұғалімнің ескеретіні:

-мәтін мазмұны жөнінде қысқаша мәлімет беру (керек болған жағдайларда);

-диктант мәтінін интонациямен оқу (сөйлемдердің құрылысы мен тыныс белгілерін ескеру);

-сызықша, тырнақша тәрізді тыныс белгілерді қолдану жүйесіне назар аудару.

Диктант өткізудің әдістемесі де бар. Ең алдымен талапқа сай мәтін іріктеліп алынады. Мәтін іріктеуде төмендегідей шарттар ескерілуі тиіс

- 1) Диктант өткізудің мазмұнды, түсінікті, әдеби тіл нормаларына сай болуы;
- 2) Диктанттағы сөз көлемінің сыныптар бойынша талапқа сай болуы;
- 3) Сирек қолданылатын жазуда қиындық келтіретін сөздердің мейлінше аз болуы;
- 4) Диктант мәтінінде өтілген ережелер мен емлелердің қамтылуы.
- 5) Мәтін мазмұнының тәрбиелік мәнінің болуы.

Диктантты өткізуге қойылатын жалпы талаптар:

-Диктанттың өткізілетін түрі екі-үш күн бұрын оқушыларға айтылып, оған оқушылардың қалай дайындалуы керек екендігі (қайталау, жаттау, т.б.) ескертіледі.

-Диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық тұрғыдан таныс, яғни өткен сабақ материалдары негізінде алынады. Егер мәтін құрамында өтілмеген емле, тыныс белгілері немесе айтылуы мен жазылуы қиын сөздер кездессе, олар түсіндіріліп, тақтаға жазылады.

-Диктанттың қай түрі болсын мәтін орфоэпиялық заңға сүйеніп, кідіріс (пауза) жасап, негізінен үш рет оқылады.

-Мәтінді жазбас бұрын оқушыларға оны бар ынта-зейінімен тыңдап, мазмұны бойынша жазу, ауыр тиетін сөздерді қадағалап отыру тапсырылады.

-Оқылған дыбыс, буын, сөз және сөйлемнің мән-мағынасын түсініп, іштей қайталап, қалай жазылатынын еске түсірген соң барып жазуға кіріскен жөн. Шала естіп, мағына, мазмұнын түсінбей қалған оқушы мұғалімнің екінші рет оқуын күтеді. Диктант жазу үстінде қасындағы жолдасының дәптеріне қарауға болмайды. Одан немесе мұғалімнен не жазу керектігін сұрап, кедергі жасауға тыйым салынады.

-Мұғалім мәтінді ең баяу жазатын оқушының үлгеріп жазу жылдамдығын сақтап оқиды.

-Диктант жазылып болған соң мұғалім мәтінді тағы бір рет түгел оқып шығады. Оқушылар жазғандарын мұғалімнің оқығанына ілесе тексеріп, қалып қойған сөз, әріп болса, қол көтеріп сұрап, мұғалімнің қайталауымен толықтырылады.


-Ең соңында оқушылар жазған мәтіндерін өз беттерімен тексеріп шыққан соң, диктант дәптерлері жинап алынады.

2. Диктант түрлері

Материалдың құрылымына сәйкес диктанттар төмендегідей болып бөлінеді:


- Әріп диктанты;
- Буын диктанты;

- Сөздік диктант.



Диктанттың оқыту және бақылау түрлері бар. Оқыту диктанты ескерту, түсініктеме немесе түсіндірме болуы мүмкін. Ескерту диктанты кезінде, емле және тыныс белгілері мәтінді жазбас бұрын, түсініктеме берілген диктант кезінде – жазу кезінде, түсіндірме кезінде – кейін түсіндіріледі.

Диктант түрлерінің классификациясы



2.1. Ағымдық және қорытынды бақылау диктанттары

А. Ағымдық бақылау диктанты.

Ағымдық бақылау диктанты оқушылардың оқытылатын тақырыптар немесе жеке сұрақтар бойынша білімін тексеру үшін өткізіледі.

Бақылау диктантын өткізу әдісі келесідей: алдымен мұғалім мәтінді толығымен оқиды, одан кейін балалардың оқығанының мағынасын түсіну дәрежесін анықтау үшін мазмұны бойынша бірнеше сұрақтар қояды, содан кейін ол әрбір мәтінді айтып береді. сөйлемді тек бір рет, балалар өздеріне қайталайды және жазады.

Балалар мәтінді түгел жазып алғаннан кейін мұғалім оқушылар жазғандарын тексере алуы үшін сөйлемдер арасында елеулі үзілістер жасап, оны қайтадан оқиды.

Ә. Қорытынды бақылау диктантаы.

Қорытынды бақылау диктантаы балалардың ұзақ уақыт бойы, мысалы, тоқсан немесе алты ай ішінде оқыған материалды меңгеруін тексеруді қамтиды.

Қорытынды бақылау диктантаы үшін үйренбеген ережелерді білдіретін сөздер жоқ мәтін жақсырақ. Ондай сөздер табылса, тақтаға жазу керек. Қорытынды диктанттағы сөздердің саны қатаң түрде белгіленеді.

К.Д.Ушинскийдің қалай диктант жазу керектігі туралы әдістемелік кеңесін еске түсірген жөн: «Балалар біртұтас ойды санасында сақтауға дағдылануы үшін, баяу, анық, бірақ бөлек сөздермен емес тұтас сөйлемдермен диктант мәтінін оқу керек».

Грамматикалық тапсырма беру ұсынылады.

Сыныптар бойынша диктанттардың көлемі

«Әліппе» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба

әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп

буын диктантаы – 3-6 буын

сөздік диктант – 2-5 сөз

диктант – 3-12 сөз.

Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

«Ана тілі» оқу пәні (әліппеден кейінгі кезең)

Ана тілі сабағында да жазба жұмыстарына, көркем жазу дағдысын жетілдіруге ерекше көңіл бөлініп: әр сабақта әріп элементтерінің дұрыс жазылуын; әріптерді бір-бірімен байланыстыра жазуын; жазу каллиграфиясының дұрыс қалыптасуын қадағалау әр мұғалімнің міндеті болып табылады.

Жазба жұмыстарының көлемі:

сөздік диктант – 4-5 сөз

диктант – 12-20 сөз

мазмұндама – 15-25 сөз

мәтінді көшіріп жазу – 10-20 сөзден көп емес

шығармашылық мәтін – 3-4 сөйлем (мұғалімнің көмегімен).

Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті

жүйелі ұйымдастыру ұсынылады. Ұсынылған критерийлер мен дескрипторларға сәйкес мұғалім оқушылардың деңгейін анықтай алады.

«Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

2-4-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	5-7 сөз	9-12 сөз	12-15 сөз
Диктант	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Көшіру	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз

Мұғалім жазбаша жұмыстарды өткізуде дескрипторлары бар критерийлер құрастырады. Жазбаша жұмыстардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Олар тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындыққа және оларды түзетуге тап болды дегенді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға конструктивті кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Төменде критерийлермен жұмыс жасаудың үлгілері ұсыным сипатында берілген.

Жазба жұмыстарының түрлері, критерийлері мен дескрипторлары

	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
.	Диктант (грамматикалық тапсырмаларымен)	мәтінді бұрмалаусыз жазады; әріптерді қосу және ауыстыру, тастап кету; әріптер мен дыбыстар арақатынасын белгілей біледі; грамматикалық тапсырмаларды орындайды; оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қояды; жазу кезінде сөздерді дұрыс жазады; сөздерді жазу барысында орфографиялық нормаларды сақтай біледі.
.	Сөздік диктант	сөздерді қатесіз жазады; ережеге бағынбайтын сөздерді дұрыс жаза алады.
.	Ескерту диктанты – есту диктантының түрі. Мақсаты – мәтін, сөз жазғанға дейін орфограммаларды түсіндіру арқылы қателерді ескерту. Тақырыпты өтудің бастапқы кезеңдерінде қолданылады. Жазу алдында орфографиялық талдау жүргізіледі – білім алушылар сөздің қалай жазылғанын және неге солай жазылғанын түсіндіреді.	тексерілетін емлеге сай ережені біледі; сөздерді жазу кезінде емле ережелерін қолданады; өтілген материал аясында тыныс белгілерін дұрыс қоя алады; ережеге бағынбайтын сөздерді дұрыс жаза алады.

Еркін диктант мәтінді жазу барысында білім алушылар жекелеген сөздерді ауыстыра алады, сөйлемнің құрылымын өзгерте алады. Мәтін әуелі тұтас оқылады, сонан соң бөліктері бойынша (3-4 сөйлем); әрбір бөлігі қайталап оқығаннан кейін жазылады. Білім алушылар мәтіннің әр бөлігін есте сақтау арқылы жазады. Бұл жұмыс түрі білім алушыларды мазмұндама жазуға дағдыландырады.	сөздерді мағынасы жағынан таңдай біледі/ алмастыра алады; мәтіннің бөлігі бойынша есте сақтай отырып, жаза біледі; сөздерді жазу кезінде орфографиялық ережелерді қолданады; оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қоя біледі.
Көру диктанты Бұл диктант түрі білім алушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді алуға болады.	есте сақтау арқылы мәтін жаза біледі; емлені жазу кезінде ережелерді қолдана біледі; оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қояды; жазылған мәтін үлгісі бойынша тексереді.
Суретті диктант (дыбыссыз диктант) – мұғалімі үнсіз пәндік суретті көрсетеді, білім алушылар заттың атауын жазады.	суреттегі бейнені сөздермен сәйкестендіре біледі; бейнеленген суретті сөздермен жаза біледі; емлені жазу барысында ережелерді қолдана біледі.
Іріктеу диктанты – есту немесе көру диктантының түрі. Бүкіл мәтінді жазу емес, тек қана оқылған ережелер орфограммасы бар сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазғызу. Қосымша тапсырма қоса жүруі мүмкін.	оқылған орфограммалары бар сөздерді таңдай біледі; сөзді жазу кезінде орфографиялық ережені қолдана біледі.
Шығармашылық диктант — үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, білім алушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктері болады.	белгілі бір сөзді немесе грамматикалық нысанды таңдай біледі; сөздерді жазу кезінде орфографиялық ережені қолдана алады.

.	Дұрыс құралмаған сөйлемдерден байланысқан мәтін құрау	дұрыс құралмаған сөйлемдерден мәтін құрай алады; мәтін құрылымын сақтайды; құралған мәтінді қатесіз көшіре алады.
0.	Қысқартулармен көшіру	сөйлемнің жеңілдетілген түрін жаза алады; сөзді жазу кезінде емле ережелерін қолданады.
1.	Сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді көшіру	сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді жаза алады; сөйлемдерді жазу кезінде емле ережелерін қолданады.

Мәтінге қойылатын талаптар:

- байланысқан;
- оқушыларға түсінікті;
- мазмұны мен көрсетілімі жағынан қызықты;
- айналадағы дүние туралы жаңа ақпарат беруі;
- тәрбиелік маңызы болуы керек.

2.2. Оқыту диктанттарының түрлері

Оқыту диктанттары ескерту, түсіндірме және түсініктеме болып бөлінеді де диктант мәтінін түсіндіру жұмыстың қай кезеңде де, яғни диктант мәтінін оқуға дейін де, кейін де немесе диктант мәтінін оқу барысында да жүргізіледі.

Диктанттардың түрлері:

- 1) Әріп диктанты
- 2) Буын диктанты
- 3) Сөз диктанты
- 4) Сөйлем диктанты
- 5) Үйрету диктанты
- 6) Есту диктанты
- 7) Көру диктанты
- 8) Өздік диктант
- 9) Терме диктант
- 10) Ескерту диктанты
- 11) Шығармашылық диктант

Әріп диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Әріп диктантын жаздыру мақсаты – ана тілін жеткілікті білмейтіндер мен басқа ұлт балаларына қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуындағы фонемалық, орфографиялық ерекшеліктерге байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтарын және оларды жаза білуді қаншалықты дәрежеде меңгергендіктерін білу. Өйткені әріп диктанты барлық жазу жұмыстарының іргетасы.

Әріп диктанттарына мынадай талаптар қойылады:

-әріп диктантаын үйрету диктанттарының басқа түрлері сияқты сыныптағы ең жақсы оқитын оқушыға алдымен түсіндіріп алып, соңынан оларға тақтаға жаздыру әдісімен бастау керек;

-жазылатын әріп қай дыбыстың таңбасы екендігін, дауысты болса, себебін, жуан, жіңішке түрге бөлінуін, дауыссыз дыбыстардың дауыстылар сияқты буын құрамайтынын және жеке айтылмай, тек дауыстыға қосылып қана айтылатындығын таныту қажет;

-әріпті жазуға, көзбен көруге болатынын, олар оқылатынын және бас әріп, кіші әріп (жазылу емлесі) болатынын білдіру керек;

-өткен әріптерге жаңа әріптің ұқсастығы мен өзіне тән айтылу, естілу сияқты фонемалық өзгешелігін әрбір оқушы саналы түрде түсініп, жаттанды болған дәрежеде айта білгенге дейін сабақ сайын қайталату қажет;

-дәптерлеріндегі сурет, сызық, әріптердің бөліктері, әріп, буын, сөз, сөйлем, т. б. бәрінің де әдемі, таза, ұқыпты, көркем жазылуын дағдыға айналдыру керек.

Міне, осы талаптардың бәрі әуелі мұғалімнің тікелей басшылығымен жүргізіліп, біртіндеп (алғашқы апталардың өзінде-ақ) белсенді, алғыр, зерек оқушылардың міндетіне көшіп, мұғалім сынып бақылаушысына айналады. Әр оқушының берген жауаптарын қадағалап, толықтыру зейінді оқушылардың ішінен бұрын өтілген материалдарды жете білмейтін, өзгелерге жан-жақты, еркін, саналы түрде түсіндіріп бере алмайтындарды айқындайды. Бұл жеке оқушының біліміндегі олқылықты анықтауда сынып талабына сүйенуі уақытты үнемдеумен бірге оқушылардың өздігінен жұмыс істеу белсенділігі мен сабақтардың сапалығын арттырады.

Буын диктантаын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Әріп диктантаын жазып, әрбір дыбыс пен әріптің орфоэпиялық, орфографиялық өзгешелігін, үндестігі мен ұқсастығын салыстыру әдісімен саналы түрде түсініп, талдауға төселген оқушылар үшін буын диктантаын жазу онша қиындық келтірмейді. Сол өздері үйренген, өздеріне таныс қазақ тіліне тән дауысты, дауыссыз дыбыстардың ауызекі сөйлегенде өздігінен буын құрап барып айтылатын заңдылығын және әріптердің бір-бірімен қосылып жазылуын саналы түсіндіру – буын диктантаының шешуші мақсаты. Ол үшін оқушылар дауыссыз дыбыстардың дауыстылар тәрізді жеке айтылмай, қы, ғы, ме, кі, гі, не, ың, т.б. түрінде дауыстымен қосылып айтылатынына, ал ы, і, ұ, ү, ә, е дыбыстарын жеке айтумен бірге олар арқылы ыңылдап, ән салуға да болатынына (мысалы, а-а-а, о-о-о, е-е-е, т.б.) көздерін жеткізу керек. Бұл буын диктантаын тез меңгеріп кетуге үлкен көмегін тигізеді.

Сөз диктантаын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Сөз диктантаының жеңіл болатын себебі – ол оқушылар меңгеріп болған дыбыстар мен буындардан құрылады. Мұндағы мақсат – сөздердің бір, екі, үш, төрт, одан да көп буыннан құралып, белгілі бір ұғымды білдіретінін дыбыс (әріп) және буынмен салыстыра отырып түсіндіру. Сөз диктантаын жаздырар

алдында оқушыға берілген сөздің қандай ұғымды білдіріп, неше буыннан, неше дыбыстан құралғанын, бірінші буындағы дауыстының жуан немесе жіңішке екенін айқындап, ондағы бір дыбыстың әріпке айналғандағы жазылу емлесін айтып өтеді. Бұл, мысалы, былайша баяндалуға тиіс: көз, құлақ, құлақшын, көзілдірік сөздері бір, екі, үш, төрт буыннан құралған. Көз сөзінде 3, көзілдірік сөзінде 10 дыбыс (әріп) бар. Төрт сөз төрт түрлі мағына білдіріп тұр. Бұл сөздерде қазақ алфавитіне тән ә, ұ, ғ, ң, һ әріптері жоқ.

Сөйлем диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Диктанттың бұл түрі алғашқылардың бәрінен де күрделі. Өйткені бұл бір, екі, үш, төрт, бес, одан да көп сөздерден құралып, аяқталған ойды білдіреді.

Сөйлем диктантын жаздырудағы мақсат – оқушыларға сөйлемнің сыртқы құрылымын таныту және оны құрай білуге машықтандыру. Мұғалім сөйлем диктантын өткізуге кірісер алдында басқаларға түсіндіретін сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып, сөздер бір-бірінен бөлек жазылатынын, мағынасына қарай сөйлем соңына нүкте, леп немесе сұрау белгілерінің бірі қойылатынын, сондай-ақ қазақ тіліне тән дыбыстардың (әріптердің) бар-жоғын айтады.

Әріп, буын, сөз және сөйлем диктанттарын жаздыру үшін төмендегідей әдістер пайдаланылады.

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа бөлінеді: мәтіні өзгертілмеген диктанттар және мәтіні өзгертілген диктанттар.

Үйрету диктанттарының маңызы

Үйрету диктанттарының аты, мазмұны, көлемі әртүрлі болғанымен, олардың алдына қойған мақсаттары бірдей: таныту, үйрету, жаттықтыру, дағдыландыру, меңгерту. Сондықтан үйрету диктанттарында қолданылатын әдіс-тәсілдер көбіне ыңғайлас, ұқсас болады. Үйрету диктанттары негізінен жаңа ғана өтілетін немесе екі-үш күн бұрын өткен материалдарға тән ерекшеліктерді жете меңгертуге ыңғайлы әрі тиімді болып келеді. Мұнда мұғалім қай оқушыға қандай сұрақтар қоятынын алдын-ала ойланып, әдіс-тәсілдер мен көрнекіліктерді соған орай пайдаланғанда ғана еңбек нәтижелі болмақ, яғни сыныптағы оқушылардың білім олқылықтарын дәл танып жұмыс жүргізу мұғалімнің ізденгіштігі мен байқампаздығын көрсетеді.

Үйрету диктанттарының тағы бір ерекшелігі – оқушыларды ойлануға, ізденуге, өз ойларын салыстыру әдісі бойынша дәлелдеп айта білуге және өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіреді. Бұл оқушыларды құлшындырып, өз ісіне деген сенімділігін арттырады.

Қысқасы, үйрету диктанттары оқушыларды сауатты жазуға ғана баулып қоймайды, алған білімін сыннан өткізіп, тұрақтандыруға, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыруға көп септігін тигізеді.

Есту диктанты

Емле ережелерінің шегін ажырата отырып, оқушылардың есту қабілетін арттыруға байланысты орындалады. Есту диктантаының орындалу тәсілі екі түрлі. Бірінші түрі: дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, тасымалдың, сөз құрамының және сөз таптарының жазылу ережесі ауызша түсіндіріледі де, осы мәліметке сай дайындалған мәтінге оқушылар көз жүгіртеді. Сонан соң бұл мәтін мұғалім тарапынан жаздырылады. Екінші түрі: мұғалім белгілі емлеге сай дайындалған мәтінді жаздырады. Жазу үстінде белгілі бір емлелердің астын сызып отыруды жүктейді. Сонан соң диктанттағы емлені оқушылардың өздері түсіндіріп, қатесін өздері түзетеді. Белгілі бір емлені түсіндіруге байланысты алынған диктанттың мәтіні 40-50 сөзге, ал арнайы жүргізілген диктант мәтінінің сөзі 90-210 сөзге дейін болады.

Көру диктанты

Емлені айыра отырып, оқушылардың көру қабілетін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бұның да орындалу амалы екі түрлі. Бірінші түрі: емлеге сай дайындалған мәтін оқушыларға түгелдей оқытылады да, оны мұғалім дәптерге жаздырады. Содан кейін оқушылар жазылған диктантты емлеге сай түсіндіреді. Екінші түрі: мұғалім дайындаған мәтінді тақтаға жазады. Емлеге байланысты түсіндіру кезінде тақтадағы орфограммалардың асты сызылады. Сонан соң тақтадағы мәтін өшіріледі де, сол мәтінді мұғалім оқушыларға жаздырады.

Бұл диктант оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді де алуға болады.

Өздік диктанты

Диктанттың бұл түрінің де өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы зор. Оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдер мен жатталған өлеңдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды естеріне түсіріп, өздігінен ойланып отырып жазады. Мұғалім өздік диктанттың қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын-ала ескертіп қояды. Сонда оқушылар үйден шала жаттаған өлең, жұмбақты, жаңылтпаштар мен ережелерді пысықтап келетін болады.

Терме диктанты

Диктанттың бұл түрі кез келген ережеге негізделіп жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқымастан бұрын қандай ережеге көңіл аудару керектігін ескертеді. Оқушылар мәтінді түгел жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады.

Ескерту диктанты

Бұл диктант көлемі, орфографиялық емлеге тән сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын келеді. Басқа диктанттардай тек кеше не бүгін ғана өтілген тақырыптарды емес, осы уақытқа дейінгі барлық материалдарды түгел қамтып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлейді. Сондықтан бұл диктантқа енген мәтіндер бірін-бірі қайталамай, өткен материалдарды тиянақтап, толықтыра түсуге тиіс. Ескерту диктантына мұғалім де, оқушылар да тиянақты, ұқыпты да жауапты қарауы қажет.

Шығармашылық диктант

Диктанттың бұл түрі – үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, стиль, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерінің көрсеткіші. Сондықтан бұл диктант шолу, қорытындылау, қайталау сабақтарында жиі жүргізілсе, шәкірттер ескерту, бақылау диктанттарына сенімді даярлықпен келеді.

Диктантты бағалау критерийлері:

«5» - қатесі мүлде жоқ, таза, барлық каллиграфиялық талаптарға сай жұмысқа қойылады;

«4» - а) 1 емле, 1 тыныс белгісі қателері жіберілсе, б) 1 емле, 2 тыныс белгісі қателері болса, бірақта жұмыс таза орындалуы керек;

«3» - а) 3 емле, 2-3 тыныс белгісі, б) 4 емле, 2 тыныс белгісі, в) 5 емле, 1 тыныс белгісі қателері жіберілген жұмысқа қойылады;

«2» - 6-7 қатеден асқан жұмысқа қойылады.

Мұғалім диктантты тексергенде мынаны ескергені жөн:

-бір сөзден жіберген қате бірнеше рет қайталанса- 1 қате болып есептеледі;

-бір ережеге байланысты әртүрлі сөздерде жіберген қателердің әрқайсысы бір қате болып есептеледі;

-тасымал кезінде сөздің бұрынғы жолда қайталанып кездесуі.

Сондай-ақ жіберілген мынандай қате есепке алынбайды:

а) өтілмеген орфограммалар мен тыныс белгілері болса.

Сондай-ақ жіберілген мынандай қателер есепке алынады:

а) сөйлем соңына нүкте қойылмай бірақ келесі сөйлемді бас әріппен бастап жазса, қате болып есептеледі;

ә) сөздерді жазудағы емлелік ережелердің бұзылуы, әріп тастап кету, әріптердің орнын ауыстыру немесе артық әріп жазып қою;

б) бағдарлама бойынша өткен тақырыпқа байланысты тыныс белгілері қойылмаса.

Грамматикалық тапсырмаларды бағалау критерийлері:

- «5» -түгелдей қатесіз орындалған тапсырмаға;
- «4» - 1 қатесі бар түгел орындалған тапсырмаға;
- «3» - тапсырма толық орындалмаса;
- «2» - тапсырма мүлдем орындалмаса.

Диктант және грамматикалық тапсырмалардан құрылған бақылау жұмыстарына екі баға қойылады: жеке баға диктантқа және жеке баға тапсырмаға.

Мазмұндама және шығарма

Мазмұндама мен шығарманың түпкі мақсаты – оқушылардың ойын және тілін дамыту болғандықтан, ең алдымен бұл жұмыстардың мазмұны мен тіліне көңіл аударылуға тиіс. Бірақ бұл айтылғаннан орфографиялық қателерді есепке алудың керегі жоқ деген пікір тумады. Орфографиялық қателерді түзету осы кезге дейін бірінші міндет болып келді, әлі де осылай бола бермек.

Бұл жұмыс екі түрлі әдіс арқылы жүргізіледі:

Балалар өзін-өзі тексеруге нақты тапсырманы орындау мақсатымен бірте-бірте үйретіледі.

Балалар өзін-өзі тексеруге бір-бірінің жұмысын оқып түзету арқылы үйретіледі. Бұл жұмысты мұғалім оқушылар шығарманы түзету техникасын бірсыпыра меңгерген кезде бастайды. Кішкене балалар бірінің жұмысын бірі тексеруге, яғни қолдарына қызыл сия мен қалам алып, жұмыстың қатесін тауып, түзетуге зор ынтамен кіріседі. Бірақ мұнда ескерілетін жай - кейбір баланың дұрыс жазылған сөздер мен сөйлемдерді қате түзетіп қоюынан сақ болған жөн. Ол үшін мұғалім оқушылардың жұмысты жөндеу барысына көз жіберіп қарап жүреді, қажетті жерінде көмек береді және оларға асықпай оқып шығып, қай жерінде қате барын алдымен байқап алып қате екеніне әбден көзі жеткенде барып жөндеу керектігі ескертіледі. Жұмыстарға көз жүгіртіп қарап жүргенде бір қате 3-4 балада кездескен болса, ол сөзді жөндеп жатқан баладан не себепті жөндегені сұралады. Жұмыс барысында осы сияқты тәсілдер арқылы балалар бір-бірінің қатесін түзетіп болған соң, дәптерлерді мұғалім жинап алып кетеді, балалардың түзеткендерінің дұрыс-қателіктерін қарайды, баға қояды.

Бастауыш сынып оқушыларының жазған жұмыстарында кездесетін қателіктерді жоюдың екінші амалы – ол жұмыстарға толық талдау жасау. Бұл сабақтарда балалар өз жұмыстарында кеткен қателермен танысады, мұғалім оқушылардың жұмыстарын тексеріп болған соң, ондағы қателерді топ-топқа жіктеп, барлық жұмысты салыстырады. Балалардың көпшілігіне тән қателерді анықтап, қатені талдау сабағын да осыған орай ұйымдастырады. Мысалы, оқушылардың көпшілігі бір сөзді бірнеше рет қайталаған болса, сол қайталаған сөздер тақтаға жазылады. Балалар ол сөйлемдердің қатесін түзейді. Балалар өз жұмыстарынан осы сөйлемдерді табады, қателері болса түзетеді. Жұмысының түзетілген жері көп оқушы оны қайта көшіреді.

Оқушылардың қателерін талдауға арналған сабақтың алғашқы 5-7 минутын мұғалім жазылған жұмысқа шолу жасауға пайдаланады. Онда кейбір балалардың жетістігі аталып, тәуір жазылған жұмыстарының біреуі тұтас оқылып, әңгімеленеді. Кейбір жағдайда мұғалім әр жұмыстың жақсы жазылған жерлерінен үзінді оқиды, мысалы, бір жұмыстың мазмұнының түсініктілігі, екінші бір оқушының ойын жүйелі түрде баяндағаны нашар жақтары айтылады.

Мұнда да мұғалім кейбір жұмыстардан мысал келтіреді, сонан кейін тақтаға алдын ала жазылып қойылған сөйлемдермен жұмыс басталады.

Оқушылардың өз қателерін байқауға және оның дұрысына көз жаттықтырып, екіншілей ол сөзден қате жібермеу үшін қайта көшіріп жазудың пайдасы көп. Ал, оқушылар шартты белгілер қоюға екінші сыныптың алғашқы кезінен үйретіледі. Онда алдымен бір белгі қойылады; оқушылар бұл белгіге әбден үйренген кезде екінші белгі қойылып, оның нені білдіретіні түсіндіріледі. Белгілер осылайша бірте-бірте меңгеріледі. Оқушылардың шығарма, мазмұндама жұмыстарында кездесетін қателерді жоюдың үшінші жолы - қатенің түріне қарай жаттығу сабақтарын өткізу. Мұндай сабақтарда балалар өздерінің жазба жұмыстарында мән бермеген, ойланбастан жаза салғандықтан кеткен қателерін сезінеді, дұрыс жазбағандарын саналы түрде түсінеді де, кейін ондай қателерді жібермеуге тырысады.

Мазмұндама мен шығармаларда кездесетін қателерді түзету үшін дидактикалық материалдарға байланысты жүргізілетін жұмыстардың маңызы зор.

Оқушылардың жазу жұмыстарында кездесетін қателерді болдырмау жолындағы жұмыстарды тиісті дәрежеде жолға қойып, үзбей жүргізіп отырмаса, ол қателер қайталана береді де, балаларда динамикалық стереотип жасалады, яғни ми қабығында шартты рефлексстер жүйесі орнығады. Соның салдарынан кейбір қателерден олар жоғары сыныптарда да арыла алмайды.

Жазба жұмыстарының оқу тоқсандары бойынша бөлінуі кестеге (5.3.- кесте) түсіріліп, әр сыныпқа тоқсан сайын диктант – 3 сағат, мазмұндама – 1 сағат, шығарма – 1 сағат, барлығы – 20 сағат жазба жұмысына берілген.

Мазмұндама мен шығарма көлемі бағдарламадағы оқушыларға қойылатын талаптарға сай алынады. /бағдарламада жазылған/

Жазба жұмыстарының оқу тоқсандары бойынша бөліну үлгісі

Сыныптар	Жазба жұмыстар түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
2	Диктант	3	3	3	3	12
	Мазмұндама	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4
	Барлығы	5	5	5	5	20
3	Диктант	3	3	3	3	12
	Мазмұндама	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4

	Барлығы	5	5	5	5	20
4	Диктант	3	3	3	3	12
	Мазмұндама	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4
	Барлығы	5	5	5	5	20
	Жалпы саны:	15	15	15	15	20

Сауаттылықты тексеру қазақ тілі пәнінің міндеті болғандықтан, шығарманың әдебиеттік оқу пәнінде де жазылатыны ескеріліп, шығармаға берілген сағат саны қысқартылып диктанқа бөлінді.

Оқу пәнінің мазмұнында әр сынып бойынша тарауларға берілген сағат сандары өзгертілген.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар пәндік, тұлғалық, жүйелі-әрекеттік нәтижелер арқылы қалыптасатындығы әр сынып бойынша жеке көрсетілген.

Ескерту: Әр сыныпқа мазмұндама мен шығармаға берілген жылдық сағат саны – 8 (4 мазмұндама, 4 шығарма жұмысы), ал диктантқа (сауаттылықты тексеру және бақылау диктанты) – 12 сағат беріледі.

«Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

Пән бойынша 2-4-сыныптардағы жазба жұмыстарының көлемі көрсетілген.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Мазмұндама	40-60 сөз	60-80 сөз	80-100 сөз
Шығарма	25-35 сөз	35-55 сөз	55-70 сөз

Мұғалім жазбаша жұмыстарды өткізуде дескрипторлары бар критерийлер құрастырады. Жазбаша жұмыстардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Олар тапсырманы орындаудың қай кезеңінде білім алушы қиындыққа және оларды түзетуге тап болды дегенді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға конструктивті кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Төменде критерийлермен жұмыс жасаудың үлгілері ұсыным сипатында берілген.

Жазба жұмыстарының түрлері, критерийлері мен дескрипторлары

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1.	Мазмұндама	-мазмұндау кезінде ойды өзгертпей сақтай біледі; -орфографиялық нормаларды

		сақтайды.
2.	Шығарма	-жоспар құра алады; -ой бірізділігін сақтай біледі; - орфографиялық нормаларды сақтай біледі.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша мұғалім әр түрлі қосымша жұмыстарды жүргізуге болады. Ал тапсырма критерийлері мен дескрипторлары алдын ала дайындалады. Мұғалім шығармашылық жұмыстардың түрлері мен оларды ұйымдастыру мерзімін өзі анықтайды.

Пән бойынша жұмыс түрлері, критерийлері мен дескрипторлары

Оқудың түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
Алгоритм бойынша әңгіме құрау	-алгоритм бойынша әңгіме құрай алады; -әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; -әңгімені аяқтай алады; құралған әңгімені жазады
Кейіпкердің атынан хат	-сөйлемдерді нақты әрі анық құрайды; -дәйектілікті сақтайды; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады
Кейіпкерге хат Мұғалім шығарманы өз қалауы бойынша таңдайды. Ал білім алушылар хат жазатын кейіпкерін өз бетінше таңдайды.	-өз хатына ат қоя алады; -тірек сөздерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырып бойынша хат жазады; -өз ойын қисынды және жүйелі түрде жеткізеді; -сөйлем құрау арқылы ойын дәл жеткізеді; -кейіпкердің іс-әрекетін сипаттайды; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады
Санамақ құрастыру Санамақ – баланың есептеу, ойлау қабілетін дамытуға арналған тілдік құралы.	-санамақтарды мақал-мәтелдерден, жұмбақтардан, т.б. ажырата алады; -санамақ құрастырудың принципін түсінеді; өзінің құрастырған санамағына таныстырылым жасайды
Диалог	-диалог түрінде сөйлесе алады; -диалогтің басында, ортасында және соңында айтылатын сөйлемдерді дұрыс қолданады; -ойын түсінікті және дұрыс жеткізе алады; -сөздік қорын көрсете алады

Кітап жасау Шығармашылық жобаның бұл түрін (жеке немесе топтық) әртүрлі техникада орындауға болады. Бұл өзі суреттерін салып, қолымен жазылған кітап болуы мүмкін. Кітапты аппликациямен әрлеуге болады. Кітап әртүрлі мазмұнда бола алады: -«Бұл қандай аң?»; «Ақ» сөзімен тұрақты сөз тіркестері, иллюстрацияланған (суретті) сөздік.	-шығармашылық жобаның тақырыбын анықтайды; кітаптың мазмұнын ойластырады (ресурстарды таңдайды); суреттермен әрлейді; суреттер мазмұнына сәйкес келеді
Берілген рифма бойынша өлең (буриме) шығару және басқа да өлең түріндегі шығармаларды ойлап табу; сондай-ақ бірінші жолдың екінші жолын ойлап табу және т.б.	екі немесе бірнеше сөздің қосымшаларынан, соңғы буындарынан ұйқасым таба алады; берілген рифмаға сәйкес сөздерді таңдай алады; берілген тақырыпқа сәйкес өлеңді жалғастыра алады
Ертегілер елінде Әртүрлі ертегілерден сюжеттерді және кейіпкерлерді таңдайды, оларды біріктіріп, ертегі ойластырады. Білім алушылар кейіпкерлерін алмастыра отырып, өздерінің сүйікті ертегілерін таңдай алады.	-әртүрлі ертегілердің кейіпкерлерін бір сюжетке біріктіре алады; ойластырған ертегісі түсінікті; оқиғалардың дәйектілігін сақтайды
Аяқталмаған әңгіме	ұсынылған бастамасы бойынша әңгімені жалғастырады; әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; әңгімені аяқтай алады
Оқылған шығармаға диафильм салу	мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді; мәтінді аяқталған мазмұндық бөліктерге бөле алады; әр бөліктің негізгі ойын анықтай алады; әр бөлікке ат қояды; дәйекті жоспар құрады; диафильм салады

3.2 Орыс тілі (бастауыш сыныптар бойынша)

Особенности развития навыка письма в начальных классах

На учителей возложена огромная ответственность за кардинальное улучшение качества обучения и воспитания подрастающего поколения. Это проявляется в тщательном поиске эффективных методов и приемов обучения, повышении качества занятий на новый уровень. Первым, кто освещает свет знаний духовный мир и воображение молодого поколения, является учитель начальных классов. Маленькие ученики с помощью первого учителя начинают осваивать навыки чтения, письма, мышления. Таким образом, открываются широкие возможности для их развития.

Письмо — одна из самых сложных задач для детей. Это потому, что многое уходит на выражение мыслей в письменной форме или письменное выражение.

Вот шесть навыков, которые нужны детям для письменного самовыражения, и то, что может помочь начинающим писателям.

1. Понимание прочитанного

Одним из самых базовых навыков письма является понимание прочитанного — способность читать и понимать текст. Чтобы писать, дети сначала должны уметь озвучивать незнакомые слова (расшифровывать) и мгновенно узнавать многие другие слова. Затем им нужно понять значение строк слов, в предложениях и в абзацах.

В этом помогает хороший словарный запас. Но новые словарные слова, в основном, усваиваются посредством чтения.

Без этих навыков детям трудно даже начать писать. Они, вероятно, будут бороться с правописанием и созданием осмысленного текста. И у них будут проблемы с пересмотром и редактированием своей работы. Эти задачи требуют внимательного перечитывания, чтобы найти и исправить ошибки или слабые места.

Что может помочь: технологии могут помочь детям, у которых проблемы с чтением. Например, если они борются с расшифровкой слов, озвучивая их, они могут читать вслух слова, которые они написали, читают слова вслух по мере их написания, что может быть очень полезно при редактировании.

2. Транскрипция

Транскрипция — это физический акт создания слов. Этот навык охватывает почерк, набор текста и правописание.

Дети могут справляться с транскрипцией разными способами. У некоторых грязный или неразборчивый почерк, даже после того, как их учили. Другие пишут очень медленно от руки. А другие могут писать разборчиво или печатать достаточно быстро и точно, но им сложно писать слова без посторонней помощи.

Использование клавиатуры часто помогает ускорить транскрипцию. Но для некоторых детей сам процесс набора текста представляет собой борьбу и мешает писать.

Что может помочь: Мультисенсорное обучение или обучение таким образом, чтобы задействовать более одного чувства одновременно, иногда может улучшить почерк. То же самое можно сказать и о таких инструментах, как ручки для карандашей. Вспомогательные технологии, такие как клавиатура, могут помочь детям решить проблемы с почерком.

Для детей, которым сложно печатать или писать по буквам, такие технические инструменты, как диктовка (преобразование речи в текст) и прогнозирование слов, могут упростить транскрипцию. Проверка орфографии также является распространенным инструментом, который учащиеся используют в школе.

3. Построение предложения

Чтобы писать, дети должны знать, как строить предложения, которые имеют смысл. Но детям часто трудно понять и использовать правильную структуру предложения.

Они могут не понимать расположение глаголов или то, как работают времена глаголов. Они также могут использовать слишком простые или неполные предложения. Или они могут объединить множество идей в длинные предложения.

Использование правильной пунктуации (например, запятых) также может быть проблемой. Так что необходимо знать, когда использовать заглавные буквы.

Что может помочь: один из способов помочь детям, которые борются с этим навыком, — научить их базовым практическим знаниям. Такие вещи, как разница между утверждением и вопросом, и разница между подлежащим и глаголом.

Детям нужно много практиковаться, используя эти знания, чтобы писать предложения. Например, они могут работать над разделением и объединением предложений, а также с использованием союзов, таких как И или НО.

4. Знание жанра и содержания

Знание жанра означает знание того, как использовать различные типы письма. Если задание состоит в том, чтобы написать рассказ, дети должны знать, что входит в жанр повествовательного письма. Он должен включать сеттинг (кто, где, когда) и сюжет (что и почему).

Еще одним примером жанра является убедительное эссе. Чтобы написать его, дети должны использовать заявление о позиции, причины, факты в поддержку причин и заключение, в котором резюмируются основные причины.

Знание содержания означает знание чего-то о предмете, о котором вы пишете. Если детей попросят написать письмо политику о загрязнении, они должны понять, что такое загрязнение. Им также необходимо знать, как это влияет на людей, животных и окружающую среду. И им может понадобиться знать, что вызывает загрязнение.

Что может помочь: многие дети приобретают знания о жанре, просто знакомясь с ним в школе через чтение. Другим могут потребоваться более подробные инструкции. Например, их, возможно, нужно научить разнице между биографией и мемуарами или художественной литературой и документальной литературой.

Для этого найдите хорошие примеры каждого жанра. Затем сравните и сопоставьте их со слабыми примерами или примерами не из этого жанра. Вы также можете составить список общих элементов, общих для всех хороших примеров.

Многие дети имеют пробелы в своих общих знаниях о мире. Это может повредить их письму. Вы можете помочь детям приобрести фоновые знания с помощью чтения, экскурсий и семейных прогулок. Поговорите о том, чему дети учатся до, во время и после прогулки. Просто знакомство с новыми людьми и пробование новых вещей также улучшают базовые знания.

5. Планирование, пересмотр и редактирование

Есть процесс написания. Учащиеся должны планировать, пересматривать и редактировать работу, чтобы хорошо выразить себя в письменной форме. Исследователи обнаружили, что хорошие писатели планируют, что написать, в уме или с помощью кратких заметок, прежде чем они напишут первый черновик. Это требует сильных навыков исполнительного функционирования, таких как рабочая память и умение сосредоточиться.

Эссе құрылымы:

Кіріспе бөлім

- Тақырыпқа қатысты түсінік беру сөйлемі, ой үзігі
- Тезис

Негізгі бөлім

- Тезиске қатысты пікір
- Пікірді талқылау, ойды дәйектеу, дәлелдеу, жинақтау аргументтері

Қорытынды бөлім

- Абзацта айтылған ойлар түйіні
- Эссені қорытындылайтын ой тұжырымы

Эссе құрылымындағы ескерілетін ұғымдардың түсініктері:

Тезис – негізгі идея, тақырыпқа қатысты қысқа да нұсқа түйінді ой, көзқарас (сөйлем).

Тезиске қатысты пікір – жазып отырған адамның тақырыпқа байланысты ақпаратты «ой сүзгісінен өткізуін», мәлімет пен деректерге негіздеуін қажет ететін, соған арқау болатын жеке пікірі (сөйлем, ой).

Пікірге қатысты аргумент – тезиске, айтылған пікірге түсінік беріп, көтерілген мәселені әр қырынан қарастыру (сыни талдау, жинақтау, дәйектеу, дәлелдеу және т.б.).

Ой тұжырымы – көтерілген мәселе, берілген сұрақ немесе тақырыпқа байланысты тезисті (түйінделген ой, көзқарас, ұстанымды) қорытындылау: жалпы қорытынды шешім немесе өзіндік ұсыныс, өзіндік тың пікір (жазба иесінің ойлау ерекшелігіне орай, ой қозғайтын сұрақ, көпшіліктің ойын қозғауды көздеген екіұшты пікір болуы да мүмкін).

Дискуссивті эссе жазу талаптары:

1. берілген тақырыппен танысу;
2. ойды жүйелеп алу;
3. нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін әрекет, әдіс-тәсілдерді қолдану;
4. жазылу құрылымы талаптарына сай бөлімдерді анықтап алу;
5. өз жұмысын тексеру.

8-сынып бойынша:

- тезистік жоспар құру, мақала, аннотация, тезис (*құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу*);

- аргументативті эссе жазу,

- бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде *стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау*.

Оқу мақсаттары:

8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру;

8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация, тезис, мақала құрастырып жазу;

8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу;

8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе);

8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;

8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау.

Аннотация – кітаптың, мақаланың, қолжазбаның мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама.

Кітапқа берілетін аннотация:

- көлемі 1 сөйлем, я болмаса 1 бет;
- библиографиялық деректер жазылады;
- автор туралы мәліметтерді қамтиды;
- туындының жанры немесе нысаны кіріктіріледі;
- тақырыптың қысқаша мазмұны сипатталады;
- кітаптың басылымға берілуі немесе қайта басылу себептері көрсетіледі;
- аудиторияны сипаттайды.

Мақалаға берілетін аннотация:

- көлемі 500 әріп немесе 7-8 сөйлем;
- ғылыми мақаланың аңдатпасы 3 тілде жазылады;
- құрамындағы баяндауыштар етістіктің келер шағында, ырықсыз етіс және пассив формада жазылады;
- мазмұны тақырыптың қысқаша сипаттамасын қамтиды.

Жазу барысында қолданылатын тілдік оралымдар:

Бұл кітапта немесе мақалада (мынадай-мынадай) тақырып сөз етілген.

Бұл кітапта немесе мақалада (мынадай-мынадай) мәселе көтерілген.

Бұл кітап немесе мақала (мынадай-мынадай) зерттеулерге негізделген.

Автордың ерекше назар аударған мәселесі –

Сөз етіліп отырған мәселенің зерттелуі мынадай

Бұл кітапта немесе мақалада (мынадай-мынадай) детальді зерттеу жүргізілген.

Тезис – кітап пен мақалада жазылған негізгі тұжырымдар, идеялар, қорытындылар.

Тезистің белгілері:

✓ Көлемді шығармалардың маңызды деген тұстарына қысқаша шолу.

✓ Логикалық жағынан байланысқан 5-6 сөйлемнен тұрады немесе нақты ойды беру үшін белгілі адамдардың цитаталары қолданылады.

✓ Ғылыми жұмыстарда, көлемді жазба жұмысын орындағанда, көпшілік алдында сөйлегенде қажет.

Аргументативті эссе – көтерілген мәселені екіжақты қарастыру үшін аргументтер ұсынылатын эссе түрі. Әдетте аргументке қарсы контраргумент беріледі. Мәселені екіжақты қарастырған кезде аргумент пен контраргумент арасында баланс сақталуы немесе автор өз ұстанымына басымдық беруі мүмкін.

Аргументативті эссе жазу талаптары– тақырыпты кең көлемде зерттеуді талап ететін жазу жанры. Ол дәлелдемелерді жинап, түрлендіріп және тиімділігін бағалап, тақырып бойынша ұстанымыңды жинақы түрде жеткізуді талап етеді.

Эссенің бұл түрі мәселені жан-жақты қарастыру арқылы аудиторияны белгілі бір көзқарасқа сендіру, ұстанымның неліктен тиімді екенін айқын тұжырымдауды мақсат етеді.

Стилистикалық ауытқу – лексикалық бірліктердің қолданылу заңдылықтарының бұзылуы, морфологиялық-синтаксистік құрылымдарды құрудағы олқылықтар, стилистикалық сәйкессіздіктер.

Стильдік ауытқулардың түрлері

Лексикалық-стилистикалық ауытқулар – байланыстырып сөйлеуде сөздің лексикалық ұғымын, оның ерекшелігі мен сан-салалы қызметін ескермей, әдеби норманы бұзушылық.	Морфологиялық-стилистикалық ауытқулар – сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғай білмеу, олардың стильдік реңін дұрыс түсінбеу.	Синтаксистік-стилистикалық ауытқулар – сөз бен сөздің байланысу тәсілдерінен, сөз тіркестерінен, сөйлем түзуінен жіберілген олқылықтар.
--	---	---

- Сөз, фразалық тіркестің ауыспалы және көп мағыналылығын жете түсінбей орынсыз қолдану. - Сөздің мағыналық үйлесімділігінің ерекшеліктерін білмеу. - Қыстырма, диалект сөздерді метафораларды талғамай қолдану. - Жаргон, аргос, сленгтерді орынсыз қолдану. - Сөздің экспрессивті-эмоциональды мәні мен стильдік реңін білмеу.	- Септік жалғауларының мағыналық реңдерін түсінбей ауыстырып қолдану. - Көптік жалғауларды кейбір көптік мәні бар сөздерге жалғау. - Бір түрлі жалғауларды сөйлемде қат-қабат қолдану.	- Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдерін ескермеу. - Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтамау (инверсиялық тәсілден басқа). - Құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдер, бір-бірімен байланыстырылмайды. - Сөйлемде екі бастауышты қатар қолдану (уәжді ауытқудан басқа).
--	--	--

Мақала — қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық шығарма.

Проблемалық	қоғамда көкейтесті мәселе сөз етіледі, шешу жолдары ұсынылады.
Теориялық	қоғам дамуында ғылыми құбылыстар, жаңалықтарды түсіндіру мақсатымен жазылады.
Ақпараттық	мазмұны кең көлемде талданған, анықталған оқиғалардың деректеріне негізделеді.
Мақала-зерттеу	жан-жақты, кешенді, ағымдағы өмір, өткен жылдардағы қоғамдық маңызы бар оқиғаны зерттеуге бағытталады.

Мақалаға қойылатын талаптар:

- өзекті мәселе қозғалады;
- жаңа ой, жаңа дерек келтіріледі;
- тақырып туралы мәліметтер жинақталады;
- ақпараттың шынайылығына назар аударылады;
- оқырманды сендіріп, қызықтыру үшін кесте, сурет, диаграмма беріледі;
- жоспарға сай жазылады.

Құрылымы:

Кіріспе	Кіріспе сөйлемде ең маңызды мәселе айтылады. Сәтті шыққан кіріспе сөйлем 25-40 сөзден тұрады, ол мақаладағы негізгі оймен таныстырып, оқырмандардың қызығушылығын тудыруға арналады. Егер бұл сөйлем өзіндік жаңалығы бар ақпарат болған жағдайда, оны сәтті деп есептеуге болады.
Негізгі бөлім	Қысқаша баяндаудан кейін мақалаға негізгі деректер келтіріп, көтеріліп отырған мәселеге қатысы бар тұлғалар мен ұйымдар туралы мәлімет беріледі. Талқылау тудыратын сұрақтарын қойып, жауап ізделінеді.
Қорытынды	Өз пайымдауын оқырманмен бөлісе отырып, сұрақ тастаумен тәмамдалады.

Тезистік жоспар құру алгоритмі:

- 1-қадам: мәтін бойынша қарапайым жоспар құру;
- 2-қадам: қарапайым жоспарға сұрақ құрастыру;
- 3-қадам: сұраққа жауап тезистік жоспар болып табылады.

3.4 Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні

5-сынып бойынша:

Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

Оқу мақсаттары:

5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хат, хабарлама, хабарландыру жазу;

5.4.2.1 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу;

5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу;

5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау;

5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

Хабарлама - (талаптары) сөйлемдері қысқа, нақты, түсінікті болуы керек. Хабарлы сөйлемдер, сабақтас құрмаластар, бірыңғай мүшелі сөйлемдерді қолдана білуі керек. Хабарлама көпшілікке түсінікті болуы керек, өйткені бұл оның көп аудиторияның назарын аударуын қамтамасыз етеді. Осы себепті хабарлама күрделі тілді қолданудан аулақ болады және қысқа сөйлемдермен беріледі. Мысалы: 15 қазанда сағат 13.00- де , спорт залда баскетболдан жарыс болады

Хабарландыру –Хабарлау мақсатында төмендегі берілген фразаларды қолдану. Сыпайы хабарлау үшін (құрметті, қадірлі, шақырамын, ниет білдіргеніңізге рахмет) Құрметпен Нұралы Нұрланұлы!

Хат жазу – Хат түсінікті анық жазылуы керек. Әрі сыпайы, қарапайым, мейрімге толы болсын және хат бірінші жақтан баяндалады.

Эссе Автор өз ойын жазады. Сөйлеу стилінде жазылады. Эсседе күрделі тұжырымдар мен тым ұзақ сөйлемдер болмауы керек. Эссеге – әртүрлі интонациямен қолданылған қысқа, қарапайым және түсінікті сөйлемдер жақсы эмоционалдық өң береді. Эсседегі өзіңіздің ойыңызды толық түсінікті

болуы үшін қарапайым сөйлемдермен жазыңыз. Жеке көзқарасты нақты деректерге сүйене отырып көрсетіп, мысалдармен дәлел келтіру керек. Мысалы: менің ойымша, мынадай мысалдарды айтуға болады, сондықтан осындай шешімді қадылдаймын.

6-сынып бойынша:

- күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян (мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып) жазу;

- эссе (тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану);

- постер, сызба-кестелер жасау (мәліметтерді жинақтай отырып).

Оқу мақсаттары:

6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, өмірбаян, күнделік, мінездеме, түсініктеме жазу;

6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу;

6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу;

6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау;

6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

Өмірбаян - (талаптары) Ақпарат беру түрі – ресми іс-қағаздар стилі. Өмірбаян қатесіз жазылуы тиіс. Өмірбаян жазған кезде хронологиялық тәртіпті сақтаған дұрыс. Яғни мәтін уақытқа байланысты белгілі бір тәртіппен және логикаға сай етіп жазылуы тиіс. Мысалы, туған жылыңыз, жеріңіз туралы жазғаннан кейін мектеп туралы қай жылы бірінші сыныпқа бардыңыз, қазір нешінші сыныпта оқып жүрсіз және алдағы мақсаттарыңызды жазғаныңыз дұрыс.

Өмірбаян жазу талаптары

- Өмірбаян ықшам әрі мағынасы кең болуы тиіс. Құжаттың оңтайлы көлемі – 1-2 бет.

- Өмірбаян жазған кезде хронологиялық тәртіп сақталады

- Өмірбаян жазудағы маңызды нәрсе – құжатта көрсеткен мәліметтеріңіздің бәрі шындыққа сәйкес болуы тиіс.

- Сауатты жазылу керек

ҮЛГІ

ӨМІРБАЯН

Мен, _____ (аты-жөні) , _____ жылы, _____ қаласында (облысында, ауданында, ауылында), _____, _____ отбасында дүниеге келдім. _____ жылы _____ қаласындағы (облысындағы, ауданындағы, ауылындағы), № _____ орта мектепке түстім. Орта мектепті _____ жылы бітірдім. _____ жылы _____ институтының

_____ факультетіне күндізгі бөлімге түстім. Институтты _____ жылы _____
_____ мамандығы бойынша бітірдім. _____ жылы _____
қаласындағы (облысындағы, ауданындағы, ауылындағы), № _____ мектепке жұмысқа
тұрдым. Қазір де осы мектепте жұмыс істеймін. Әкем,
_____ (аты-жөні), зейнеткер. Анам,
_____ (аты-жөні), № _____ дүкеннің бухгалтері. ... Мекенжайым:
_____ қ., _____ көш., _____ үй, _____ пәтер. 20 _____ жылғы « _____ »
_____ (қолтаңбасы)

Күнделік - күнделік жазу – өзіңе-өзің есеп берумен тең. Күнделік күнде, қысқа және жинақы түрде жүргізіледі. Күнделікті жүргізу өзіңізді түсінуге, өз қалауларыңызды түсінуге және қателерді талдауға мүмкіндік береді. Басыңызға көп ойлар жиналғанда, оларды қағазға түсірген дұрыс. Күн ішінде болып жатқан оқиғаларды жеке күнделікке жазу арқылы жіберілген қателерді, іс-әрекеттер мен істерді мұқият талдауға бірегей мүмкіндік бар. Кездескен жағдайларда қанишалықты дұрыс әрекет еткеніңізді қорытындылай аласыз.

Мінездеме – мінездеме – адамның өмірбаяны бойынша, білімі, жұмысқа қатысуы және жақсы қасиеттерін көрсету мақсатында жазылатын іс қағазының бір түрі, сондықтан мінездеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі болады. Олар :

- 1) тақырыбы;
- 2) мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет;
- 3) негізгі мәтін;
- 4) қорытынды;
- 5) мінездемені талап етуші ұйымның аты;
- 6) мінездеме берілген күн, ай, жыл;
- 7) мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы;
- 8) қосымша (егер болса).

ҮЛГІ:

№42 жалпы білім беретін орта
мектептің 11- сынып
оқушысы Жоламанова
Айзат Талғатқызына

МІНЕЗДЕМЕ

Жоламанова Айзат Талғатқызы 2002 жылы 1 маусымда дүниеге келген. 2008 жылдан бастап №42 жалпы білім беретін орта мектебінде оқиды. 11 жыл бойғы оқу барысында өзін жақсы жағынан көрсете алды. Оқу озаты. Биология, химия пәндері бойынша қалалық, облыстық олимпиадаларға және ғылыми жобаларға қатынасып, жүлделі орындарға ие болды. Ол өзінің терең білімін, қабілетін көрсетіп, басқаларға үлгі болды.

Сонымен қатар, Жоламанова А.Т сыныптан тыс шараларға да белсене араласып, сыныптың мақтанышы бола білді.

Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары әрі өз ісін тиянақтылықпен атқарады. Мұғалімдерінің сүйіктісі бола білген Жоламанова А.Т – біздің мектебіміздің бетке ұстары.

*Мектеп директоры
Сынып жетекшісі*

*Рысқұлова Л.М. (қолы).
Байманова Ә.А. (қолы).*

Түсініктеме жазу- мәтін түрінде белгілі бір адамға болған жағдайды түсіндіру мақсатында жазылады. Мысалы: (Оқушының ата-анасына баласының сабағы туралы түсініктеме жазу керек) Данияр математика және қазақ тілі пәндері бойынша тапсырмаларды орындауға тырысады, дегенмен қателіктер көп жібереді. Тәртібі – өте жақсы! Жарайсың Данияр! Математика пәні бойынша жазбаша есептеулерде қиналады, оқу техникасына көбірек көңіл бөлу керек. Үй жұмысын кейде толық орындамайды. Сабақта жиі қол көтеріп, сабаққа белсенді қатысу керек Мәтін соңында этика сақтау сөздерін қолдана отырып адресаттан қандай шешім күтетіндігі жазылады. Мысалы, «Айтылғандарды ескере отырып шара қолдануыңызды сұраймын», «Нұсқау беруіңізді сұраймын».

7-сынып бойынша:

- өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, (мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап жазу);
- эссе (құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу);
- презентация түрінде ұсыну (тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап).

Оқу мақсаттары:

7.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу;

7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу;

7.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу;

7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну;

7.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

Өтініш. 1. Адамның өзге адамға білдіретін қалауы, көмек сұрауы;

2. Мемлекеттік органның, ұйымның, лауазымды тұлғаның немесе азаматтың бір мәселені шешуді өкілетті органнан не тұлғадан ресми түрде сұрауы немесе ол жөнінде ұсынысы.

Өтініштердің түрлері сан алуан. Мазмұны бойынша әр қилы болғанымен, мақсаты бойынша бір. Жұмысқа алу, жұмыстан босату, кезекті еңбек демалысы, оқуға байланысты демалыс, жалақы сақталмайтын демалыс секілді жеке және отбасылық жағдайларға байланысты жұмыстан сұрану т.б өтініш жазуға болады.

Өтініш жазу талаптары:

1. Өтініш А4 форматты таза қағазға өтініш сұраған адамның өз қолымен жазылуы тиіс

2. Қағаздың жоғарғы оң жақ бұрышына мекеменің атауы және мекеме бастығы (өтініш кімнен сұралса, сол тұлғаның аты жөні, лауазымы, кей уақытта дәрежесі) атына жазылады. Яғни, парақтың оң жақ шекарасынан (шамамен 10 см) біраз қалдырыңыз және парақтың оң жақ жоғарғы бұрышында өтінішті кімнің атына жазылады сол адамның аты-жөні жазылады.

3. Өтініш кімнен екені (аты жөні және лауазымы) жазылады.

4. Күні жазылып, өтініш білдірушінің қолы қойылады.

ҮЛГІ:

*Шәкәрім атындағы
Семей мемлекеттік университетінің
ректоры проф. А.С. Қаппаровқа
филология факультетінің 2- курс
студенті А.М. Оспановадан*

Өтініш

Мені денсаулығымға байланысты филология факультетінің күндізгі оқу бөлімінен сырттай оқу бөліміне ауыстыруыңызды сұраймын.

27.06.2022 ж
Қолы _____ А.М. Оспанова

Түйіндеме (резюме); француз тілінен алынған термин; «Айтылған, я жазылған мәселенің қысқаша түйіні» деген мағына береді. Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

Түйіндеме жазу талаптары:

- Сауатты жазылу керек.
- Тек шындық көрсетілуі керек.
- Қысқаша әрі нақты жазылуы керек.
- Рәсімделуіне мән берілу керек.
- Жеке ақпарат.
- Түйіндеменің мақсаты.
- Білім.
- Жұмыс тәжірибесі.

- Қосымша ақпарат.

Өзіңіз туралы ақпаратты қысқаша жеткізуді үйреніңіз. Өмірбаян бойынша оқу орыны, біліміңіз, жұмыс тәжірибеңізді нақты, қысқа жазыңыз.

Түйіндеменің жазылу үлгісі

Түйіндеменің мазмұндық құрылымы:

- ❖ Аты-жөні
- ❖ Туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ❖ Ұлты;
- ❖ Жынысы;
- ❖ Мекен-жайы, телефоны;
- ❖ Отбасы жағдайы;
- ❖ Азаматтығы;
- ❖ Білімі;
- ❖ Бітірген оқу орындары;
- ❖ Кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- ❖ Тілдік дағдылары;
- ❖ Компьютерлік сауаттылығы;
- ❖ Жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас);
- ❖ Қызығушылығы (саяхатқа шығу, би, домбырада ойнау, кітап оқу т.б) туралы мәлімет, қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар).

Ресми құттықтаулар жазу – ресми іс қағаздарға жатады. Ресми стильдің бұл түрі қатынас құралы ретінде қызмет ететін күнделікті өмір қажеттілігінен туған жүйелер жиынтығы іспетті. Бұл іс қағаздар қалыптасқан белгілі бір форма бойынша жазылады. Ресми құттықтаулар мен үндеулерде экспрессивті-эмоционалдық сөз тіркестері жиі қолданылады.

Ресми ұйымдар мен мекемелерді және лауазымды адамдарды құттықтаған жағдайларда арнаулы ресми құттықтау (адресат) түрінде жазылып, жолданады. Содан кейін құттықтау себебі жазылады. Сосын құттықтаушы қуаныш иесінің жетістіктері туралы хабардар екенін білдіруі қажет. Құттықтау хат *құрметті, қадірлі, аса қадірлі, қымбатты* деген сөздермен басталады. Осыдан кейін ізгі тілектер жазылады. Соңында құттықтаушының аты-жөні шын жүректен, ізгі тілекпен, шынайы көңілден деген сөздермен аяқталады.

Ресми іс қағаздардың жазылу талаптары:

- Мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы;
- Тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- Қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы.

ҮЛГІ:

Әріптеске арналған ресми тілек.

Құрметті _____

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, аға ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңізді, тың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңізді құрметтейміз. Еліміздің өсіп, өркендеуі мен дамыту жолында тартулы табыстарға жете беруіңізге тілектеспіз.

Тілек білдіруші ұжымның атауы _____

Эссе - эсседе сіз пікіріңізді аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдеуіңіз керек. Демек тәртіпті болу дұрыс деп ойласаңыз, неге осы позицияны қолдайтыныңызды түсіндіріңіз.

Мұндағы аргументтер:

- Деректер мен дәйектер.
- Өмірден алынған жағдайлар, өмірлік шынайы тәжірибелер.
- Ғылыми зерттеулер.
- Ғалымдардың пікірлеріне сілтеме.

Тақырып ашылуы үшін бір эсседе кем дегенде екі нақты мысал болғаны дұрыс.

Қорытынды жазу.

Міндетті түрде ойыңызды қорытындылаңыз. Соңында белгілі бір мәселе жөнінде пікіріңіз бен көзқарастарыңызды айтып келіп, оны қайткенде жүзеге асыруға болады немесе нәтижесі мен түйінін айтып өту қажет. Эсседе эмоцияналдылыққа рұқсат етіледі, көркем әдеби стильде жазылады. Алайда, жаргон, қысқарған сөздерді қолдану және ауызекі сөздерді пайдалануға тыйым салынады. Әдетте эссенің көлемі 200-250 сөзді құрайды.

Эссе жазу талаптары:

- Жеке көзқарастық көрініс басым болу керек;
- Фактілер, дәлелдер (аргументтер) келтірілуі керек;
- Теориялық негіздеме болу;
- Терминдерді орынды қолдану керек;
- Өртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пунктуация, орфография).

Презентация түрінде ұсыну- (*лат. praesento — ұсыну*) – бір нәрсені (ұйым, жоба, өнім және т.б) таныстыруға арналған құжат немесе құжаттар жиынтығы.

Презентацияның мақсаты – аудиторияға ақпаратты ыңғайлы нысанда жеткізу.

Презентация дайындауға қойылатын талаптар:

- Ақпараттық блоктарды дұрыс орналастыру
- Ұзақ сөйлем болмау керек.
- Қарапайым түстерді қолдану керек.
- Қаріпті дұрыс қолдану (шамадан тыс сәндеу керек емес)
- Ұсынып отырған презентация елді жалықтырып алмау керек.
- Мәтіні дұрыс, нақты әрі қысқа құрылуы керек.
- Тақырыптар қысқа болып, аудиторияның назарын бірден аударатындай болуы керек.
- Шылау, үстеу, сын есімдерді аз қолданған жөн.
- Кесте көрсеткен кезде бағандар мен жолдарды аз қолдану керек.
- Барлық ақпарат орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық тұрғыдан қатесіз болуы тиіс.
- Оқу материалын берген кезде кезеңділік сақталып, ақпарат бір слайдтың бірнеше жерінде көрініс табуы мүмкін немесе келесі слайдта жалғасы ретінде берілуі мүмкін.
- Презентация баяндамада айтылатын ойды көрнекілік ретінде толықтырып тұруы керек. Баяндама жасалған кезде басты бөлігі болмауы тиіс, алайда материалды толық қайталамауы қажет.

8-сынып бойынша:

- шағын мақала, пікір, интервью жазу (*мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап*);
- эссе (*құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану*).

Оқу мақсаттары:

8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, интервью, пікір, шағын мақала жазу;

8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну;

8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу

8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану

8.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану

Шағын мақала - маңызды мәселені көтеретін, шағын көлемдегі, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық туынды.

Мақала 4 түрге бөлінеді:

✓ Бас мақала заманымыздың негізгі бағытын, үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылық, мәдени міндеттерді түсіндіріп, іске бағыт береді;

✓ Проблемалық мақала шешуді, тексеруді, зерттеуді қажет ететін теориялық және практикалық мәселелерді көтереді;

✓ Насихаттық мақала ғылым, техника, өнер жаңалықтары заман талабына сай бүгінгі өмірдің практикалық міндеттерімен байланыстырылып отырады;

✓ Публицистикалық мақала қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды.

Сонымен бірге, мақала – бұл, жазу жағынан ең кең тараған және қиын жанр болып табылады. Мақала мақсаты — оқырманға белгілі бір фактілерді, ережелерді, ойларды немесе олар туралы басқа біреудің пікірін жеткізу.

«Кіріспе» бөлімінде зерттелетін мәселенің жағдайы мен оның өзектілігі жазылады. Зерттеу мақсаты көрсетіледі. «Материал және әдістер» бөлімінде қолданылған әдістерді, құрылғыларды (аталуы мен өндіруші фирманың мекенжайын көрсету арқылы) және шараларды басқа зерттеушілер алынған нәтижені қолдана алуы үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты толық көрсету қажет.

«Нәтижелер» бөлімінде мәтін, кесте және иллюстрация түрінде логикалық жүйелілік көрсетілуі қажет. Бірінші ретте аса маңызды нәтижелерді көрсету қажет. «Нәтижелер» бөлімінде мәліметтерді жинақтау кезінде сандық ақпаратты туынды түрінде (мысалы, пайыздар) ғана емес, сондай-ақ негізінде туынды есептелген абсолюттік мағына түрінде көрсету қажет.

«Талқылау» бөлімі: зерттеудің жаңа және маңызды аспектілеріне және оның нәтижесіне ерекше назар аударылуы қажет.

Мақала талдамалы жанрға жатады.

Мақаланың өзіне тән ерекшеліктері:

- тақырып айқын болуы керек;
- мәселемен оқырман жақсы танысу керек;
- дәйектер көкейге қонымды болуы керек;
- сауатты және ғылыми стилде жазылуы керек.

ҮЛГІ:

«Баламалы энергия» мақала

Баламалы энергия деп қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін табиғи таза энергия өндіру көздерін айтамыз. Мұндай энергия көздері экологияға еш зиянын тигізбейді, мұнай мен көмір тәрізді пайдалы қазбаларды игерудің қажеттілігі тумады.

Мәселен, қазіргі күннің өзінде Ирландия мемлекеті жердің геологиялық мүмкіндіктерін, яғни гейзерлерді пайдалану негізінде геотермальды энергия бағытын дамытуда. Ғалымдар геотермальды энергия көздерінің небәрі 1%-ы игерілсе, адамзаттың энергияға деген тәуелділігі мүлдем жойылады дейді. Ал Испания мен Италия, Нидерланды мемлекеттері территориясы кең

аймақтарға күн энергиясын өндіретін алып аппараттарды орналастырып жатыр. Сол тәрізді АҚШ елі Флорида штаты мен Маями қаласының маңынан өтетін мұхиттағы ең үлкен Гольфистрим ағысынан энергия өндіруді жоспарлап отыр. Негізінде, XX ғасырдың басында-ақ океонограф-ғалымдардың өзі мұхит кеңістігі энергия көзі ретінде игерілсе, адамзаттың миллиондаған жылына жетер энергияны өндіруге болатындығын айтқан.

Пікір – қоғамдағы кез келген тұлғаның ойы. Ол әртүрлі жағдайда туындайтын алуан ойлар желісі. Пікірдің тілдік формасы сөйлем болады. Пікір- публицистиканың жанры, сонымен қатар ғылыми және көркем сын. Пікір басқа адамның жасаған жұмысын бағалауға құқық береді.

Пікір жаңа жұмыс туралы хабарлайды, оның қысқаша талдауы мен бағасын қамтиды. Латын тілінен аударғанда «recensio» «бір нәрсе туралы қарау, хабарлама, рейтинг, шолу» дегенді білдіреді. Пікір - бұл көркем, ғылыми және публицистикалық шығарма туралы шолуға негізделген жанр (ең алдымен сыни).

Пікірдің ерекше түрі – ғылыми шолу немесе ғылыми еңбекке шолу. Шолу тақырыбы – ақпараттық құбылыстар: кітаптар, брошюралар, қойылымдар, фильмдер, телешоулар, ойындар.

ҮЛГІ:

ҚАЖЫҒҰМАР ШАБДАНҰЛЫНЫҢ «ҚЫЛМЫС» РОМАНЫНА ПІКІР

...Иә, дұрыс айтасыз, менің жарық дүниеге келіп, жер басып жүргенімнің өзі қылмыс, – деп, басталатын қаламгер Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романын Алматыдан ауылға барғанда, әжемнің аузынан естідім...

Содан бері осы кітапты оқып шығу алдымдағы үлкен бір мақсатқа айналды. Ақыры, осыдан аттай алты айдай бұрын мамыражай мамыр айында оқып шығу нәсіп болды. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей, сол мамыр айымен басталған мейрамдар тізбегі еш кедергісіз алты томдық «Қылмыс» романын, айналасы 10 күннің ішінде оқып шығуыма себеп болды. Романның арқауы – Қазақ даласына Кеңес өкіметінің орнауынан басталып, 1930-1940 жж. Шығыс Түркістандағы ұлттық азшылықтардың азаттық қозғалысына дейін тарихи және күнделікті оқиғалар баяндалады. Шығарманың тілі уытты саяси әжуа мен мысқылға толы. Жанры жағынан бұл шығарманы мемуар, яғни ғұмырнамалық роман деуге болады.

Алайда жазушы тек өз өмір жолы жайында айтып қана қоймай, сол кезеңдегі аз ұлттардың алып империялар – айдаһар Қытай мен қызыл империя Кеңес одағының арасындағы қиын да, қилы өмірін суреттейді.

Өз басым, бұл шығарманы оқу барысында ерекше бір ынтамен, ықыласпен оқыдым. Шығармадағы басты кейіпкер – Бигабілдің (прототипі Қажығұмар Шабданұлының өзі) басынан кешкендерін, өз басымнан өткен оқиғалармен және де бүгінгі қоғаммен салыстыра отырып, тарихтың тереңінен қанып сусындадым десем де болады. Басты кейіпкер – Бигабілдің

басынан қандай нәубет келсе де сабыр етіп, қаймықпай қарсы тұрып, өзінің ертеңі, болашақ ұрпағының қамы үшін Тарымның тозағына тоғытылса да азаматтық ұстанымынан ауытқымауы ерекше әсер етті. Туған елі, жері, азаматтық ұстанымы үшін қасық қаны қалғаниша күресе білуі, ертеңінен үміт үзбей қазақи рухты сақтауы, атамекенге деген сағыныш сезімі барлығы осы кітаптың кейінкері, Биғабілдің бойынан табылады. Биғабілдің басынан кешкен қилы тағдыры сол замандағы ата-бабаларымыздың өмірінен хабар беріп тұр. Алып империяларға күні қараған кіріптар, бодан халықтың өз елін сүйген абзал ұлдарының маңдайына жазған тағдырдың ениісінің осы екендігіне тарих парақтарын ақтарып отырып көз жеткіздім...

Әрине, ағыспен жүзетін ептілер мен жансауға жағымпаздар болмаса, қуғын-сүргін, абақты, айдау, тағдырдың талқысы деген нәрселер – қайраткер азаматтың маңдайына жазылған сыбаға емес пе?!

Қорыта айтқанда, «Қылмыс» романы қазақ әдебиеті тарихындағы алғашқы алты томдық шығарма. Бұл туындыны «Абай жолы» романы мен «Көшпенділер» трилогиясымен қатар қоюға лайық қазақ тарихынан сыр шертетін бірден-бір, әрі бірегей туынды.

Интервью – көсемсөз жанры, журналистің бір не бірнеше адаммен қандай да бір өзекті мәселе төңірегінде сұхбат жүргізуі. Интервью барысында белгілі бір оқиғаның, құбылыстың мән-мазмұны маман әңгімелесушінің түсіндіруі, айтуы бойынша терең ашылады. Интервью жанры, негізінен, хабарламалы интервью және түсіндірмелі интервью болып екіге бөлінеді. Олардың өзі іштей жіктеледі:

Хабарламалы интервью түріне – тілші мен әңгімелесуші екеуінің сұрақ-жауап түріндегі диалог интервью тілшінің бір ғана сұрау беріп, оған әңгімелесушінің ұзақтау жауабы монолог интервью, әңгімелесуші айтқанының мазмұны ғана түйіліп берілетін мазмұндама интервью жатады. Бұларда түсіндіру талдау болмайды, сұхбаттың есебі ретінде ғана танылады.

Түсіндірмелі интервью түрлеріне – интервью суреттеме, баспасөз маслихаттық дөңгелек үстел басындағы әңгіме, брифинг, анкета жатады. Бұларда дерек, оқиға, құбылыс хабарланып қана қоймайды, олардың қыр-сыры кеңірек түсіндіріліп, күрделі жайттарға түсіндірме беріледі.

Брифинг сұхбат берушілердің ұсынысымен, жұртқа қажетті нәрсені түсіндіріп қою ниетімен өткізіледі. Баспасөз маслихатында көптеген бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдері қатысуымен бір сала немесе әлденеше маманмен қатар сұхбат жүргізіледі. Журналистер кезекпен сұрау қойып, сұхбаттасушылар оған жауап береді. Дөңгелек үстел басындағы әңгімеде нақты бір проблемамен айналысатын мамандар шақырылып, оларға қатар сұрақтар қойылады да, жауаптары тыңдалады.

ҮЛГІ

Димаиш Құдайбергенмен сұхбат

Қытайда *Singer* халықаралық ән байқауына қатысып жатқан отандасымыз Димаи Құдайбергеннің Жэньминь жибао (Халық газеті) газетіне берген сұхбаты.

- Өнерлі отбасында туылыпсың, қаршадайыңнан әнші болуды армандадың ба?

- Өнерлі отбасында туылғаным, осындай ата-анам болғанына өзімді ерекше бақытты сезінемін. Ата-анам өнер адамдары болмағанда, қанша құлшыңғаныммен, әнші болуым екіталай еді.

- Сеніңше қалай жақсы әнші болуға болады?

- Меніңше, музыкалық жағынан табысқа жету үшін кәсіби қабілет басым болу керек. Ең маңыздысы, әнді жүрекпен айта білуің керек. Мен Майкл Джексонның, Джеки Чанның, Лучано Павароттидің жанкүйерімін. Олардың барлығы табанды, маңдай тердің арқасында табысқа жеткен. Бәрінен де маңыздысы, олардың бәрі әлемдік деңгейдегі жұлдыздар болса да, ерекше кішіпейіл, бауырмал жандар. Сондықтан мен оларды үлгі тұтамын.

- Өнер жолыңда саған ерекше ықпал еткен адам болды ма, сол туралы айтып берсең?

- Маған ерекше әсер еткен адам, әрине, менің ата-анам. Сол кісілердің арқасында осы күнге жеттім. Ұстаздарыма да ерекше алғыс айтамын. Олар әрқашанда маған қол ұшын беріп, мені қолдап келеді. Әрі менің кәсіби деңгейімнің өсуіне маған мол білім берді.

- Қазақ, орыс, итальян, француз тілдерінде, тіпті қытай тілінде ән айтып әлемді таңғалдырдың. Осы тілдерді қалай үйрендің?

- Мен көп ізденемін. Опералық бағытта ән айтатын болғандықтан, әлемнің әртүрлі тілдерінде әйгілі операларды орындап көрдім. Әрине, құлшына үйрену керек. Алдымен осы елдердің музыкасы мен әуенін ұнату керек. Сосын ән мәтінін үйренесің. Осы әндерді тіпті толық түсіне аласың. Ұстаздарымның көмегімен осы тілдерді үйренуге тырысып, шетелдік операларды нақышына келтіріп орындадым. Сол арқылы неміс, украин, француз, итальян, ағылшын, түрік тілдерін үйрендім. Қазір қытай тілін үйреніп жүрмін.

- Қытайда өтіп жатқан *Singer* ән байқауына қалай келдің? Басқа халықаралық байқауларға қарағанда қандай ерекшелігін байқадың?

- Байқаудың бас режиссері, тәлімгер Хун Тао бұрынғы менің халықаралық байқауларда өнер көрсеткенімді байқап, мені осында шақырды. *Singer* байқауы - нағыз әншілер бақ сынайтын өнер додасы. Уақыты мен айналымы да ерекше ұзақ. Ол сенің сахнадағы сәтіңді ғана емес, әншінің байқауға дайындалу барысын, сондай-ақ, сахнадан тыс тұрмыс-тіршілігін де көрсетеді. Көрермендерге әншінің өнерімен бірге өмірін де толық таныстырады. Мен бұрынғы қатысқан байқаулардан *Singer* жобасының ең үлкен ерекшелігі - бұнда менен жасы үлкен, атағы әйгілі, табысқа жеткен әншілермен бірге бақ сынауға тура келді.

- *Singer* байқауында өзіңнен қандай нәтиже күтесің?

- Бұл сұрақ мен үшін ауыр. Байқаудың нәтижесінен бұрын, ең бастысы, көрермендердің қолдауына ие болсам деймін. Барынша жақсы өнер көрсетіп, бұдан да биік белестерге ұмтылып, жанкүйерлерімнің көңілінен шығамын деп ойлаймын. Сахнадағы әрекетіме кейде өзім де тәнті болатын кезім болады.

- Сенің өнеріңнен Қазақстан мен Қытайдың музыкалық үндестігін байқағандай болдық. Мұның сыры неде деп ойлайсың?

- Екі ел музыкасының кейбір тұстары сабақтасып жатады. Өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Қазақстан мен Қытайдың әншілік өнері жоғары деңгейде дамыған деп айтуға болады. Қытайлық көрермендердің ыстық ықыласын көргенде бейне туған жердегі достарымның ыстық құшағына бөленгендей сезіндім. Қытайлық әншілердің Қазақстанға келіп, өнер көрсетуін қолдаймын. Біздің елімізде оларды ерекше қызу қарсы алады деп сенемін.

- Қытайлық әншілерден кімді ұнатасың? Оның өнерін қалай бағалайсың?

- Менің жақсы көретін әншілерім көп. Қытайлық әншілермен көп кездесулерде болдым. Барлығы өте қарапайым, ашық-жарқын, инабатты адамдар екен. Мен тәлімгер Хан Хунды, Лин Жышуан тәлімгерді өте жақсы көремін. Singer бағдарламасы арқылы Лин Жышуан тәлімгермен таныстым. Алғаш кезіккенімізде ол кісі маған сондай жақын сезілді. Өте кішіпейіл, жылы жүзді адам.

- Қытай мен Қазақстан - достық қарым-қатынастағы көрші елдер. Биыл Қытайдың Қазақстандағы туризм жылы. Қазақстанға барғысы келетін қытайлықтарға өз еліңді қалай таныстырар едің?

- Биыл маусым айында Қазақстанда ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі басталады. ЭКСПО көрмесі тұңғыш рет Орталық Азия елінде өткізіледі. Барлықтарыңызды Қазақстанға келіп, ЭКСПО көрмесін тамашалауға, қазақтың әсем табиғатын көруге, дәмді тағамдарынан ауыз тиюге шақырамын. Бәрі сәтімен болса, мен аталмыш көрмеде ән айтатын боламын.

- Сөз соңында жанкүйерлеріңе қандай тілек жолдайсың?

- Армандарыңыздың орындалуын, өмір жолдарыңыздағы көздеген мақсаттарыңызға қол жеткізулеріңізді тілеймін. Арманның барлығы орындалады. Өйткені, сіздер менің арманымның орындалуына қолдау көрсеттіңіздер. Сіздердің әр күніңіз көңілді, тату-тәтті, мейірімді де сыйластыққа толу болуын тілеймін.

Эссеге қойылатын талаптар. Мәселені қамтитын және оқырманның ойлануына ықпал ететін белгілі бір қысқа тақырыптың болуы.

1. Субъективті авторлық ұстаным. Эссені ерекшелейтін нәрсе – онда қандай да бір мәселеге тоқталған автордың көзқарасы, оның әлемге деген қатынасы, сөйлеуі мен ойы болады.

2. Сөйлеу стилінде жазылады. Эсседе күрделі тұжырымдар мен тым ұзақ сөйлемдер болмауы керек. Оқырманмен байланыс орнату үшін еркін стильді ұстану маңызды. Сонымен қатар, эссені ішкі сленгке толған сапасыз мәтінге айналдырып, артық кетудің қажеті жоқ. Мәтінге – әртүрлі интонация

қолданылған қысқа, қарапайым және түсінікті сөйлемдер жақсы эмоционалдық өң береді.

3. Мәселеге толық талданым жасау. Жеке көзқарасты нақты деректерге сүйене отырып көрсетіп, дәлел келтіру керек.

4. Салыстырмалы түрде қысқа болғаны жөн. Қанша бет болатынына қатысты ешқандай шектеулер жоқ, бірақ эссе шағындығымен ерекшеленеді.

5. Құрылысы еркін болады. Эссе – қандай да бір нақты шеңбердің аясында жазылмайды. Мәтіннің құрылысы мәселеге әртүрлі жағынан қарауға тырысатын автордың логикасына бағынады.

6. Көзқарасты жеткізу логикасы. Еркін құрылысқа қарамастан, эсседе ішкі тұтастық, пікірін білдіретін авторлық мәлімдемелердің дәйектілігі болуы керек.

Осылайша, эссе баяндаудың ерекше стилімен ерекшеленеді, оның мақсаты оқырманның ойлануына түрткі болу. Эсседе автор өзінің көзқарасына көндірмейді, ол өз ойы арқылы оқырманды ойландырып, мәселені талқылауға шақырады.

9-сынып бойынша:

- шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу (*мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап*);

- эссе (*құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану*).

Оқу мақсаттары:

9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация, нұсқаулық, шағын мақала, шолу жазу;

9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу;

9.4.3.1 жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу

9.4.4.1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу

9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану

Шағын мақала - жазу алдында оның неден басталып, қалай аяқталатынын, негізгі бөлімде қандай мәселе айтылатынын белгілеп алыңыз. Егер жоспар құратын болсаңыз, мақаланың қай бөлімінде композициялық қате барын, қай бөліміндегі деректі толықтыру керектігін біле алатын боласыз.

Жазу стиліне, құрылымына уақыт бөліңіз. Мәселен, мақала мазмұны балалар туралы болса, онда архаизм, термин сөздер қосудың реті жоқ. Ал ғылыми мақалада ақпаратты ауызекі сөзбен жеткізе алмайсыз. Бұл үшін аудиторияның жасы мен көңіл-күйіне назар аударыңыз.

Мысалы, газетке шығатын мақала баяндау формасында, тым ғылыми емес болуы керек. Бірақ ауызекі сөздерді пайдаланбау керек. Ғылыми мақала эссе форматында 5 параграфтан тұратын ғылыми тілде жазылады.

Аннотация - аңдатпа (лат.annotatio – ескерту, аңдату) – кітаптың, топтама жинақтың, қолжазбаның мазмұнын оқырманға қысқаша баяндау. Ол - кітаптың, мақаланың мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама, алайда бұл жанр туралы да әртүрлі тұжырымдар бар.

Аннотация – сын жанрларының ішіндегі ең шағын көлемдісі. Шын мәніндегі әдеби сынның бастау алар бұлағы. Алғаш көрінген түрі десе де болғандай. Аннотацияның объектісі – бір ғана шығарма, кітап. Мақсаты – кітаптың не туралы екендігімен таныстыру. Әдеби сынның басқа жанрлары сияқты, алдына көп міндеттер қоймайды; жоғарыда айтылған бір ғана мақсатты шағын көлемде орындау аннотацияның негізгі жанрлық ерекшелігін айқындайтын өлшем болып табылады.

Аннотация жазудағы ерекшеліктер- Аңдатпаны дайындаған кезде мәтінді қайталамаңыз, сіздің міндетіңіз - оқырманды қызықтыру. Мақала туралы өзіңіздің жеке пікіріңізді білдірмеу керексіз.

Сіз үшін мақала өте қызықты болуы мүмкін, басқалары үшін мүмкін, керісінше. Кез-келген аудитория үшін қолжетімді және түсінікті тілде жазыңыз. Күрделі сөйлемдерді қолданбаңыз.

Мақаланың сипатына қарай – ғылыми, көркем – рефератта ұсынудың тиісті стилін қолданыңыз.

Мақалаға аннотация жазбас бұрын, мақаланы мұқият оқып шығыңыз.

Сіздің аннотацияңызда осы мақала туралы түсінік берілуі керек.

Осы мақаланың не туралы және қандай тұжырымға келгенін немесе автор қандай проблема көтергенін айтыңыз.

Етістіктерді қолдану: қарастырылған, зерттелген, талданған.

Тезистер қысқа болуы керек - 5 сөйлемнен аспауы керек.

Мақалаға аннотацияның шамамен құрылымы.

1. Автордың тегі, мақала атауы.

2. Қаралған мақала ...

3. Осы мақаланың ерекшелігі ...

4. Автор ...

Сіздің аңдатпаңызды оқығаннан кейін оқырман мақаланы оқып шығуды немесе оған ескерту жасауды шешеді.

Аннотация жазуға қойылатын талаптар:

- автор және оның қызметі туралы мәліметтер беру;

- шығарманың негізгі ойына баса назар аудару;

- стилистикалық ерекшеліктерге және жазудың көркемдік әдістеріне назар аударыңыз;

оқырман аудиториясына арналғандығын анықтау.

1-ҮЛГІ

«Қос ішек» (топтама жинақ). Құрастырушы Таңдай Кенеев. Алматы, Қаз ҰТУ Баспа орталығы, 2004 ж. «Бұл жинақта Қ.И. Сәтбаев атындағы

қазақ ұлттық техникалық университетінің 70 жылдық тарихындағы ұрпақтар сабақтастығының үлгісі, инженер мамандығы мен шығармашылықты бірдей алып жүрген азаматтардың еңбектерін ұсынады»

2-ҮЛГІ

Т.Кәкішевтің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» кітабына мынадай аннотация жазылған: «Бұл оқу құралында қазақ әдебиеті сынының тарихына, жанрлардың сипаттамасына баса назар аударылып, сыни ой-пікірлердің шығу, даму, қалыптасу кезеңдеріне жан-жақты талдау жасалған. Әдеби сынның эстетикалық мұраты, оның әдебиеттану ғылымымен байланысы, әдеби мұраны игеру мәселелері туралы парасатты тұжырымдар айтылған.

Шолу- мәтінге немесе мақалаға зерттеуіңізді негіздеңіз. Егер сіз үлкен зерттеу жобасының бөлігі ретінде әдеби шолуды жазсаңыз, әдеби шолу сіз өзіңіздің зерттеуіңізді құнды ете алатыныңызды көрсетуге мүмкіндік береді. Сіздің зерттеу сұрағыңыз бойынша жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, әдеби шолуда келісетін не келіспеушіліктердің ұғымдары, сондай-ақ қалдырылған бос орындар мен ашық сұрақтар кездеседі. Сіздің бастапқы зерттеулеріңіз ашық сұрақтардың бірінен пайда болған шығар, сондықтан әдеби шолу сіздің қалған жұмысыңызды жеңілдетеді, сондықтан алдымен қандай мақсатпен шолу жасалады соны анықтау керек.

Өзіңіздің тәжірибеңізді көрсетіңіз. Әдебиеттерге шолу жасамас бұрын, сіз өзіңізді маңызды ғылыми зерттеу жұмыстарына кіргізуіңіз керек. Әңгімелесу үшін мақала жазған автормен кездесіңіз. Сіз тақырыпты қарастырып, алға қарай жылжитын циклді жалғастыратын алдыңғы жазылған шолу жұмыстарының барлығымен таныссыз.

Үлгілерге және үрдістерге назар аударыңыз. Сіз оқығанда, көз алдыңызда пайда болатын кез-келген үлгіні немесе үрдістерді іздеңіз. Сіз өзіңіздің зерттеу сұрағыңызға байланысты басқа да нақты ойлар бар екенін байқайсыз. Немесе, сіздің зерттеу сұрағыңыз туралы басым пікірлер өзгеруі мүмкін.

Нұсқаулық жазу - 1. Әлденені орындау, жүзеге асыру тәсілі мен тәртібін бекітетін ережелер жинағы. Мысалы: эссе жазу тәртібіне берілген жұмыс реті немесе аудио мәтінді тыңдауға арналған ереже.

2. Нұсқаулық жазу үшін нақты жұмыс тәртібін көрсете білу керек және сөйлемдеріңіз түсінікті, сыпайы түрде жазылсын. Қолданылатын сөздер қарапайым, ауыспалы осы шақта болуы тиіс.

10-сынып бойынша:

- мақала, баспасөз парағы, тезис, интервью (публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып жазу);
- эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеу);

- жинақы мәтін құрастыру (*шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну, ғылыми-көпшілік және көркем мәтіндердегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу*).

Оқу мақсаттары:

10.4.1.1 публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, баспасөз парағын, интервью, шағын мақала жазу;

10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе);

10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу;

10.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация);

10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру;

10.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

Мақала – жоғары сыныпта мақала жазу күрделенеді. Мақаланың төрт түрге бөлінетіндігіне тоқталамыз. Олар:

Бас мақала - заманымыздың негізгі бағытын, үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылық, мәдени міндеттерді түсіндіріп, іске бағыт береді;

Проблемалық мақала - шешуді, тексеруді, зерттеуді қажет ететін теориялық және практикалық мәселелерді көтереді;

Насихаттық мақала - ғылым, техника, өнер жаңалықтары заман талабына сай бүгінгі өмірдің практикалық міндеттерімен байланыстырып отырады;

Публицистикалық мақала - қоғамдық әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды.

Мақала жазу алгоритмі

